

Өндірістің жаңа тынысы



2-бет

Ғылымның қия шыңында



3-бет

Құрлық чемпионатынан – қос алтын



8-бет

Қазақ ғылымының темірқазығы

Елімізде көктемнің шуақты күнімен қатар келетін 12 сәуір – ұлт руханияты мен ғылымының тоғызған тағбылымды сәті. Дәл осы күні қазақ ғылымының шамшырағы, ұлы ғалым Қаныш Сәтбаев дүниеге келген. Биыл оның туғанына 127 жыл толып отыр. Уақыт өткен сайын оның есімі биіктей түсіп, еңбегі тереңдей береді. Ғылым күні мен Сәтбаевтың туған күнінің қатар келуі – өткен мен болашақты жалғайтын символдық көпір іспетті. Бұл күн – тек тарихқа тағзым емес, сонымен бірге, ғылымға деген сенім мен келешекке деген үміттің көрінісі.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаныш Сәтбаевтың өмір жолы – ғылымға адал қызмет етудің айқын үлгісі. Сәтбаев үшін ғылым елді дамытудың негізгі тетігі болды. Оның ғылыми қызметінің ең ірі жетістіктерінің бірі – Жезқазған кен орнын жан-жақты зерттеуі. Сол кезеңде толық бағаланбаған бұл өңірдің байлығы Сәтбаевтың зерттеулерінің арқасында дәлелденіп, әлемдік деңгейдегі ірі мыс кен орны ретінде танылды. Бұл жаңалық Қазақстанның индустриялық дамуына зор ықпал етті. Ғалым кен орындарын зерттеуде тек геологиялық әдістермен шектелмей, олардың экономикалық маңызын да есепке алу қажет екенін көрсетті. Осы арқылы ол ғылым мен өндірістің байланысын нығайтты.

Осы мағыналы күннің аясында Ғылым күні – ұлттың ойлау жүйесін, таным көзқарайын кеңейтетін рухани белес ретінде айрықша мәнге ие. Ғылым – уақытпен жарысқан адамзаттың ең ұлы жетістігі болса, сол жолда тер төккен тұлғалардың тағдыры – ел тарихының ажырамас бөлігі. Солардың алдыңғы қатарында тұрған Қаныш Сәтбаев – ғылымды ұлттың тірегіне айналдырған бірегей қайраткер.



12 СӘУІР –
ҒЫЛЫМ КҮНІ

Коллаж жасаған Аруйлым Котеева

Зертханалардағы тынымсыз еңбек, сансыз ізденіс, табандылық пен төзім осы күні дәріптеледі. Бұл көзге көрінбейтін, бірақ қоғамның барлық саласына әсер ететін ғылымның құдіретін мойындап қоймайды. Ғылым бар жерде даму бар, ғылым бар жерде болашақ бар. Бүгінгі ұрпақ үшін бұл күннің мәні одан сайын арта түседі. Өйткені, жаһандану дәуірінде білім мен ғылым бәсекеге қабілеттіліктің басты өлшеміне айналды. Ғылымға бет бұрған ел ғана өз болашағын нық қалыптастыра алады. Осы тұрғыдан алғанда, Ғылым күні елдік мүддені, интеллектуалдық дамуды, ұлттық сананың жаңғыруын айқындайтын маңызды кезең.

Ғылым түптеп келгенде, адамзаттың ақыл-ойының, ізденісінің, үмітінің көрінісі екені анық. Уақыт алға жылжыған сайын ғылымсыз алға ілгерілеу жоқтығын сезіне түскендейміз. Бүгінде қарапайым күнделікті өмірдің өзі ғылым жетістіктерімен тығыз байланысты. Осы жетістіктердің бастауы кезінде үлкен сеніммен, табандылықпен жасалған ғылыми қамдамдар жатыр. Сол қамдамдардың қосбасында тұрған Қаныш Сәтбаев сынды тұлғалар ғылымның тек бүгінгі емес, ертеңі де айқындап кетті. Ғалым болу – жауапкершілік, ол – ұлт алдындағы аманат. Қазіргі таңда ғылым жаңа сипатқа ие болып отыр. Цифрландыру, технологиялық


серпіліс, жасанды интеллект – мұның барлығы ғылымның жаңа белестерін айқындайды. Осындай кезеңде ғылымға деген көзқарас та өзгеруі тиіс. Ол бүкіл қоғамның ортақ құндылығына айналуы қажет.

Соңғы жылдары Қарағанды өңірі де ғылым мен инновацияның жаңа орталығына айналып келеді. Мәселен, металлургия саласында техногендік қалдықтарды қайта өңдеу арқылы жаңа материалдар алу бағытында маңызды зерттеулер жүргізілуде. Бұл бастамалар өндірістегі қалдық көлемін азайтып қана қоймай, жаңа өнім түрлерін шығаруға мүмкіндік береді.

► 3-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Арқа абызы ардақталды



Алматы қаласында «Қазақ әдебиетінің жарқын келешегі» тақырыбымен Қазақстан Жазушылар одағының қорытынды жиыны өтті. Руханият пен сөз өнерін ту еткен қаламгерлер бас қосқан алқалы жиында Арқа өңіріне ақжолтай хабар жетті. Арқаның абыз ақсақалы, белгілі қаламгер Өмір Кәріп Қазақстан Жазушылар одағының Құрметті жазушысы атанды!

Жиында ұйымның бір жыл көлемінде атқарған жұмыстары сараланып, алдағы кезеңнің бағыт-бағдары айқындалды. Былтыр мерейлі 85 жасқа толған Өмір Кәріп – ұлттық әдебиетімізге сүбелі үлес қосқан ардақты қаламгер, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. Қасиетті сөз өнеріне адал қызмет етіп келе жатқан абыз ақсақалдың бұл мәртебелі атаққа ие болуы – оның ұзақ жылдарғы шығармашылық еңбегіне көрсетілген зор құрмет.

Айта кетейік, бүгінгі таңда ел аумағында сөз өнерінің жүгін арқалаған 1160 жазушы тіркелген. Сондай-ақ, әдебиет айдынына жаңа леп әкелген 50 қаламгер Қазақстан Жазушылар одағының қатарына қабылданды.

Өз тілшімізден

• 12 СӘУІР – ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ

Ұлт рухының самғауы

Адамзат баласы ежелден көкке көз тігіп, жұлдыздардың сырын ұғуға ұмтылды. Шексіз аспан ғасырлар бойы белгісіздік пен арманның, тазалық пен биіктіктің нышаны болып келді. Кеше ғана ғарышқа жету адам қиялының ең асқақ шыңы, қол жетпес ертегісі саналса, бүгінде ол – адамзат игерген құбылыс. Осы бір ұлы кеңістікпен қай-қайсымыздың да балалық шағамыздағы ең таза арманымыз ұштасып жатыр. Ауыл ауласында немесе қаланың көкбабтты үйінің шатырында тұрып, сансыз жымындаған жұлдыздарға қарағанда қиялымызға қанат бітетін. «Кім боласың?» дегенге «Ғарышкермін!» деп көкірек кері жауап қату – сол заманның жазылмаған заңы еді. Жұлдыздар бізге тым жақын әрі жұмбағы мол тылсым әлемдей көрінетін.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Билығы Ғарышкерлер күнінің қазақ жұртшылығы үшін жөні де, жосығы да, салмағы да айрықша. Өйткені, биыл – барша қазақ баласының көкірегіндегі сол ауылы арманды ақиқатқа айналдырған тұңғыш ғарышкеріміз, Халық қаһарманы Токтар Әубәкіровтің сексеннің сегізінше шығып отырған мерейлі жылы! Оған қоса, ұлтымыздың бақ-жұлдызын жағып, қазақ ұлының ғарыш көгіне алғаш самғағанына биыл – тура 35 жыл.

1991 жылдың 2 қазаны... Бұл күн – тәуелсіздік таңы жанадан атып келе жатқан тұста бүкіл Алаш баласының рухын асқақтатып, төбесін көкке жеткізген тарихи сәт ретінде шежіреге алтын әріпшен жазылды. Токтар ағамыз ғарыш кемесімен қоса, ғасырлар бойы аттың жалында, түйенің қомында еркін өскен дала перзенттерінің рухын жұлдыздар биігіне алып шықты.

Батырдың өзі: «Мені ғарышқа ұшырған – ұлттық намыс», – деп тектен-тек айтқан жоқ. Совет Одағының соңғы, қазақ елінің тұңғыш ғарышкері ретіндегі бұл сапар ұлтымыздың еңсесін тіктеді. Бүгінде 80 жасқа толып отырған батыр ағамыздың сол бір ерлігі уақыт өткен сайын биіктей беретін, ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болып жететін теңдессіз құбылыс. Оның есімі ғарышпен егіз ұғымға айналды.

Дегенмен, уақыт көші алға жылжыған сайын біздің ғарышқа деген көзқарасымыз да, танымсыз да түбегейлі өзгергені хақ. Кеше ғана санаулы алып мемлекеттердің ғана қолы жететін, тек таңдаулылар мен аса мықтылар ғана аттанатын мистикалық мекен қазір жерге айтарлықтай жақындады. Бұрынғыдай қол жетпес арман болып көрінген ғарыш кеңістігі бүгінде күнделікті тіршілігіміздің бір бөлігіне, коммерциялық алаңға айналды. Илон Масктың жерге қайта қонатын зымырандары, ғарыш туризмінің қарқын алуы, тіпті, Орбитаға



Коллаж жасаған Аруйлым Котеева

ұшып барып-қайту кәдімгі ұшақпен саяхаттағандай қалыпты дүниеге айналуға шақ қалған дәуірде ғұмыр кешіп жүрміз. Ғарыш енді жұмбақ тылсым емес. Зерттелген, игерілген, адамзат игілігіне қызмет етіп жатқан алып жұмыс алаңы іспетті.

Осы тұста адамзаттың аңсар-назарының қалай күрт бұрылғанына қайран қалмасқа шараң жоқ. Цифрлық технологиялар

көз ілеспес жылдамдықпен дамыды. Бұрын біз басымды көтеріп, көк аспанға, жұлдыздарға қарап қиялдайтынбыз. Ал, қазір ше? Қазір біз басымды иіп, қолымыздағы жарқыраған смартфон экрандарына, виртуалды әлемге үнілеміз. Біздің жаңа ғарышымыз – интернет кеңістігі, жасанды зерде, мета-әлемдер мен толассыз ақпарат ағыны. Адамзат физикалық кеңістікті бағынды-

рудан гөрі, цифрлық шексіздікті игеруге көбірек құштар болып кеткендей.

Десе де, осы жерде үлкен бір қайшылық, әрі тамаша заңдылық жатыр. Біздің экранға үніліп, цифрлық әлемнің қызығына батуымыздың өзі сол ғарыштың арқасы. Төбемізде айналып жүрген мыңдаған жерсеріктер болмаса, қолымыздағы құдіретті технологиялардың жартысы істен шығар еді. Жер-жаһанды байланыстырып отырған интернет те, бағыт-бағдар беретін GPS-те сол ғарыштық инфрақұрылымның жемісі. Яғни, біз жұлдыздарға қарауды сиретсек те, жұлдыздар бізге қызмет етуін тоқтатқан жоқ. Технология қанша шарықтап дамыса да, ол ғарышсыз өмір сүре алмайды.

Уақыт ғарыш кемесіндей зымырап барады. Алайда, жұлдыздар биігіне бағытталған адамзаттың асқақ арманы мен ұлт рухының самғауы ешқашан толастамақ емес. Бүгінгі Ғарышкерлер күні – осы бір ұлы сабақтастықты түсінетін күн. Токтар Әубәкіров сынды батырлар салған даңғал жолдың бүгінгі цифрлық дәуірдегі бейбіт өмірімізге қалай іргетас болғанын ұғынатын сәт. Заман құбылып, технологиялар қанша түлессе де, көк аспанның құдіреті мен жұлдыздардың жарқыраған сәулесі адамзатты әлі талай ұлы істерге шабыттандыра беретіні сөзсіз. Сексеннің сегізінше шыққан дала қыранына зор денсаулық тілей отырып, ізінен ерген жас ұрпақтың да арманы асқақ, қиялы ұшқыр болса екен деп тілек қосамыз.

Өндірістің жаңа тынысы

Облыста Саран индустриялық аймағы өңір экономикасының жаңа тынысын айқындайтын стратегиялық алаңға айналып келеді. Мұнда іске асырылып жатқан ірі инвестициялық жобалар мен индустриялық аймақ өндірісі көлемін ұлғайтып қана қоймай, шағын және орта бизнестің дамуына серпін беріп, мыңдаған жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік ашпақ. Инфрақұрылымы дайын заманауи өндірістік кеңістіктің қалыптасуы кәсіпкерлер үшін бұрын болмаған қолайлы орта ұсынып, Қарағанды өңірін индустриялық дамудың жаңа деңгейіне көтеретін маңызды қадам ретінде бағалануда.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Саран индустриялық аймағы бүгінде өңір өнеркәсібінің негізгі өсім нүктелерінің бірі ретінде қалыптасып отыр. Мұнда бұрыннан жұмыс істеп тұрған кәсіпорындармен қатар, жаңа инвестициялық жобалар қарқын алып келеді. Ендігі кезекте іске қосылатын шағын индустриялық аймақ кәсіпкерлер үшін дайын инфрақұрылымы бар өндірістік алаң ұсынып, бизнесті жылдам іске қосуға мүмкіндік береді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапары барысында аймақта жүзеге асып жатқан жобалардың барысымен танысып, олардың өңір экономикасы үшін маңызын ерекше атап өтті. Жалпы аумағы 30 мың шаршы метрді құрайтын жаңа өндірістік кешен бүгінде белсенді құрылыс кезеңінде. Мұнда кәсіпкерлер үшін барлық қажетті жағдай жасалып, бастапқы шығындарды азайтуға бағытталған тиімді орта қалыптастырылуда.

Аймақ басшысының айтуынша, жаңа нысандар тек өндірісті



жолға қоюмен шектелмейді. Бұл жерде жүк көліктері мен арнайы техникаларды шығару жоспарланып отыр. Алғашқы кезеңде құрастыру жұмыстары жүргізіл-

се, кейін өндіріс біртіндеп терең локализацияға көшеді. Сонымен қатар, Qatmet компаниясына қажетті ірі өнеркәсіптік ыдыстарды шығару жобасы да қолға алынды. Бұл – импорты алмастыру саясаты аясындағы нақты нәтиже беретін бастама.

Сарандағы өндірістік серпін мұнымен шектелмейді. Жылуқшаулағыш материалдар шығаратын зауыт іске қосылуға жақын. Қазіргі таңда қажетті жабдықтар орнатылып жатыр. Бұл кәсіпорынның өзінде 200-ге жуық адам жұмыспен қамтыла, оған іргелес сервистік құрылымдарда мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады.

Өңір үшін стратегиялық маңызы бар тағы бір бағыт – HOWO брендпен жүк көліктерін шығару жобасы. 24 млрд теңге инвестиция тартылған бұл бастама толық іске қосылғанда жылына 10 мыңға дейін техника өндіруге мүмкіндік береді. Бұл тек өндірістік қуатты арттырып қана қоймай, отандық машина



жасаудың дамуына серпін берді.

Сонымен қатар, құбыр өндірісі де жаңа деңгейге көтерілуде. Жобалық қуаты жылына 300 мың тоннаға дейін жететін кәсіпорында қазіргі таңда шағын диаметрлі құбырлар шығарылып жатыр. Алдағы уақытта диаметрі 630 мм-ге дейінгі ірі құбырларды өндіру жоспарланған. Бұл тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен құрылыс саласын отандық өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Саран индустриялық аймағында қолға алынған жобалар – тек өндіріс көлемін арттыру емес, өңірдің экономикалық тұрақтылығын нығайтуға бағытталған кешенді қадам. Жаңа жұмыс орындары, инвестиция ағыны және өндірістің кеңеюі Қарағанды облысын индустриялық дамудың жаңа деңгейіне көтермек.

Саран индустриялық аймағында қолға алынған жобалар – тек өндіріс көлемін арттыру емес, өңірдің экономикалық тұрақтылығын нығайтуға бағытталған кешенді қадам. Жаңа жұмыс орындары, инвестиция ағыны және өндірістің кеңеюі Қарағанды облысын индустриялық дамудың жаңа деңгейіне көтермек.

Саран индустриялық аймағында қолға алынған жобалар – тек өндіріс көлемін арттыру емес, өңірдің экономикалық тұрақтылығын нығайтуға бағытталған кешенді қадам. Жаңа жұмыс орындары, инвестиция ағыны және өндірістің кеңеюі Қарағанды облысын индустриялық дамудың жаңа деңгейіне көтермек.

Саран индустриялық аймағында қолға алынған жобалар – тек өндіріс көлемін арттыру емес, өңірдің экономикалық тұрақтылығын нығайтуға бағытталған кешенді қадам. Жаңа жұмыс орындары, инвестиция ағыны және өндірістің кеңеюі Қарағанды облысын индустриялық дамудың жаңа деңгейіне көтермек.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІГАЛЫМ



• ҰБТ-2026

Өтініш қабылдау басталады

Негізгі ҰБТ-ға өтініштерді қабылдау 11-25 сәуір аралығында жүзеге асырылады. Осы кезеңде талапкерлерге негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, ең жоғары нәтижесімен грант конкурсына қатысу мүмкіндігі беріледі. 11-16 сәуір аралығында өтінішті бір рет, ал 17-25 сәуір аралығында қалауы бойынша екінші рет бере алады. Тестілеудің өзі 10 мамыр мен 10 шілде аралығында өтеді.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының app.testcenter.kz сайты немесе UTO.kz қосымшасы арқылы жүргізіледі. Талапкерлер-

ге тестілеу күнін, уақытын және пунктін таңдау мүмкіндігі берілген. Бұл ретте олар екі мүмкіндік үшін бейіндік пәндердің бір комбинациясын таңдай алады.

Талапкерлер үш міндетті және таңдауы бойынша екі бейіндік пәнді тапсырады. ҰБТ тапсырма-

ларының жалпы саны – 120. ҰБТ бойынша ең жоғары балл 140 балды құрайды.

Тестілеу уақыты – 4 сағат (240 минут). Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ұсынылатын қосымша 40 минут уақыт сақталатынын айта кету керек.

Емтихан кезінде тестілеу бағдарламасында калькулятор, химиялық элементтердің периодтық жүйесі және тұздардың ерігіштік кестесі қолжетімді болады.

Тест тапсырушылар тестілеу

аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға өтініш бере алады. Апелляцияға өтініш берген тестіленушілердің сертификаты апелляциялық комиссияның шешімінен кейін талапкердің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұзушылықтардың алдын алу мақсатында тестілеуге кіре берісте тыйым салынған заттарды, мысалы, телефондарды, шпиргал-қаларды және т.б. алып кіруге жол бермеу үшін қол және рамалық металл іздегіштер қолданылады.

• РЕСМИ

Ерлікке тағзым – елдікке тағылым

Осакаров ауданының орталығында алдағы Жеңіс күні мерекесіне орайластырылған қорғаныстық-бұқаралық және әскери-патриоттық жұмыс айлығының салтанатты ашылуы өтті. Шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру, тарихи жадыны жаңғырту, ерлік дәстүрлерін дәріптеу және азаматтық жауапкершілікті нығайту.

Болатбек ӘШМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шара «Жастар» балалар мен жасөспірімдер орталығының аумағында ұйымдастырылып, оған аудан мектептерінің «Жас сарбаз» жасақтары, ардагерлер, әскери қызметшілер, сондай-ақ, ауданның зиялы қауым өкілдері қатысты. Сап түзген жас сарбаздар әскери тәртіп пен жинақылықтың, Отанға деген адалдық пен жауапкершіліктің үлгісін көрсетті. Бұл көрініс жас буынның ел болашағына бейжай қарамайтынын аңғартқандай.

Мемлекеттік Әнұранмен ашылған салтанатты шараның бастауында Осакаров ауданының ішкі саясат бөлімінің басшысы Дина Қызыр каты-

буынның ерлігі мен жанқиярлығының нәтижесі. Сондықтан, тарихи жадыны сақтау, өткенге тағзым ету, батырлар ерлігін ұлықтау – әрбір азаматтың парызы. Осындай игі бастамалар жастардың бойында елге деген сүйіспеншілікті арттырып қана қоймай, олардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Айлық аясында алдағы уақытта түрлі әскери-спорттық жарыстар, кездесулер, танымдық және тәрбиелік іс-шаралар өткізу жоспарланған. Бұл бастамалар жасөспірімдердің физикалық дайындығын арттырып қана қоймай, олардың рухани-адамгершілік тұрғыдан дамуына серпін бермек.

Шара барысында патриоттық әндер шырқалып, өнерпаз



сұшыларды құттықтап, өскелең ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеудің маңыздылығына тоқталды. Ол өз сөзінде ел болашағы бүгінгі жастардың қолында екенін атап өтіп, олардың саналы, білімді әрі елжанды болып қалыптасуына осындай іс-шаралардың ықпалы зор екенін жеткізді. Сонымен қатар, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысының міндетін атқарушы Айдана Байзақова мен тәжік-ауған шекарасындағы ұрыс қимылдарының ардагері Павел Ларин жастарға өнегелі сөз арнап, Отан алдындағы борыш, әскери қызметтің абыройы мен жауапкершілігі туралы ой бөлісті.

Жиында айтылғандай, патриотизм – елдің болашағын айқындайтын басты құндылықтардың бірі. Бүгінгі бейбіт өмір – аға

жастар көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Айлықтың ашылу рәсімі жас сарбаздардың салтанатты шеруімен қорытындыланды. Бұл – жас буынның ел қорғауға әрдайым дайын екенін, олардың бойында батылдық пен жауапкершілік қасиеттерінің қалыптасып келе жатқанын айшықтаған көрініс болды.

Осындай тағылымды шаралар арқылы жастардың бойында елжандылық қасиет қалыптасып, тарихқа деген құрметі арта түсері сөзсіз. Ерлікке тағзым еткен елдің рухы әрдайым биік болары сөзсіз.

Осакаров ауданы

Сурет аудандық ішкі саясат бөлімінен

Сапалы кадр саналы оқырманнан шығады

Арқа өңірінде «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші» байқауының ақтық кезеңі өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Кітап оқитын ұлт» жобасы бүгінде жалғыздық сипат алып, жүйелі түрде жанданып келеді. Осы игі бастаманың аясында Руханият пен кәсібилікті тоғыстырған додада мемлекеттік қызметшілер көркем әдебиеттің тереңіне бойлап, бар білім-білігін паш етті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс көлемінде өткен бұл интеллектуалдық жарысқа алғашқы кезеңде 13 өңірден 1500-ге жуық үміткер қатысуға ниет білдірген. Солардың ішінен іріктеліп, білімі мен таным озық шыққан 57 мемлекеттік қызметші облыстық кезеңге жолдама алды.

Кітап оқу – адамның парасат-пайымын тереңдетіп, ой-өрісін кеңейтеді. Әсіресе, мемлекеттік қызметтегі мамандардың біліктілігін арттыруда мұндай бастамалардың маңызы зор. Өйткені, мемлекеттік қызметші – ел алдында жауапты тұлға. Ал, оның рухани байлығы мен таным дең-

гейі қабылдаған шешімдерінің сапасына тікелей әсер етеді. Біз осы жоба арқылы тек жеңімпаздарды анықтап қана қоймай, өзін-өзі үздіксіз жетілдіретін интеллектуалды кадр мәдениетін қалыптастыруды көздейміз. Негізінде, кітап оқудың өзі – адамның ішкі жан дүниесі үшін үлкен жеңіс. Ал, үздік шыққандарды қаржылай сыйақымен ынталандыру – нұр үстіне нұр, – деді қазылар алқасының төрағасы Серікжан Байбосынов.

Байқаудың ақтық сыны заманауи форматта – автоматтандырылған тест жүйесі арқылы өтті. Қатысушыларға 40 сұрақ қойылып, әр жауапқа 1 минут уақыт берілді.

Мемлекеттік қызметкер – елдің сенімін арқалаған тұлға. Оның қабылдаған әрбір шешімі парасаттылық пен білімге негізделуі тиіс. Ал, бұл қасиеттер кітап арқылы келетіні анық. Көркем әдебиет адамды тек біліммен сусындытып қана қоймай, өзге жанның тағдырын түсінуге, жанашырлық пен адамгершілікке үндейді. Біз бүгінгінің қызметкерін тек қаулы-қарарларды орындаушы емес, кең ауқымда ойлай алатын, танымды терең интеллектуал ретінде көргіміз келеді. Біздің мақсатымыз – рухани әлемі бай, зиялы орта қалыптастыру, – деді осы бастаманы жүзеге асыру мақсатында құрылған Жобалық кеңсе басшысы Дана Бахтығалиева.

Екі тілде өткен тартысты бәсекеңіз қорытындысы бойынша кітапқұмар үздіктер белгілі болды. Атап айтқанда, қазақ лигасы бойынша білім деңгейі жоғары Бұқар жырау ауданының командасы жүлделі I орынды иеленсе, II орын Балқаш қаласының



сайыскерлеріне бұйырса, III орын Қарқаралы ауданының кітапқұмарларына бұйырды. Сәйкесінше, орыс лигасында бақ сынаған Қарағанды қаласының мемлекет-

тік қызметшілері топ жарып, I орынға табан тіресе, Саран қаласы – II орынды, ал, теміртаулық оқырмандар III орынды қанағат тұтты.

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

Бұл сайыс жан дүниені байытудың таптырмас мүмкіндігі болды. Күнделікті күйбең тіршіліктен бір сәт бой үзіп, 15 көркем шығарманы оқыдық. Әрбір туындының ішкі иірімдеріне бойлау арқылы кейіпкерлермен бірге толғанып, өмірлік мәселелерге басқа қырынан қарауды үйренесің. Сайыс мәресіне жетсе де, кітаппен басталған бұл достық алдағы уақытта да жалғасын таппақ, – деді жеңімпаз команда мүшесі Аян Кизкин.

Айта кетейік, байқау жүлдегерлері Ұлттық кітап күні қарсаңында облыс әкімі – Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өтетін салтанатты жиында марапатталды. Сонымен бірге, ақтық кезеңге жеткен барлық қатысушылар «Кітап оқитын ұлт» қорының атынан Алғыс хаттармен марапатталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ФОТОШЕЖІРЕ



Ғылыми кеңес отырысы, 1982 жыл

Ғылым мен ғылым айдынында даңқы мен дара жолы бөлек Қарағандыдағы қара шаңырақ – Қарағанды техникалық университеті ғалымдарының тың ойлары озық технологияларға жол ашты. Ғылыми кеңестерде келешек үшін келелі мәселелер қозғалды, олар шешімін тауып, өмірге дендеп енді.

Осындай ғылыми кеңестердің нәтижесінде жаңа өндірістер ашылып, ірі индустриялық жобалар жүзеге асты. Қазақстанның ғылымы мен өнеркәсібі қатар дамып, ел экономикасының берік іргетасы қаланды. Бүгінгі күннің көптеген жетістіктері дәл осындай кеңестерде қабылданған шешімдердің жемісі деуге толық негіз бар.

Бұл тарихи сурет жауапкершілік пен ізденістің, кәсібилік пен бірліктің белгісіндей. Ғылымға адал қызмет еткен ұрпақтың бейнесі осы бір сәтте айқын көрініс тапқан.

Бүгінгі таңда да ғылым мен өндірістің байланысы өз маңызын жою қойма. Керісінше, жаңа технологиялар дәуірінде оның рөлі арта түсті. Сондықтан, мұндай тарихи сәттер бізге өткенді бағалап қана қоймай, болашаққа дұрыс бағыт алудың да маңызын еске салады.

• МАРАПАТ

Қос ғалым құрмет биігінде

Ғылым қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым мен жоғары білім саласына елеулі үлес қосқан бірқатар ғалымды мемлекеттік наградалармен марапаттады. Олардың қатарында Қарағанды өңірінің белгілі зерттеуші ғалымдары да бар.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті басқарма мүшесі – проректор Еркебұлан Тәжібаевқа және Ж.Әбішев атындағы химия-металлургия институты зертхана меңгерушісі Ерболат Махамбетовке «Ерен еңбегі үшін» медалі табысталды.

Еркебұлан Тәжібаев – жоғары молекулалық қосылыстар химиясы саласының білікті маманы. Ол 150-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектің авторы, халықаралық деректер базасында жарияланған 70-тен астам мақаласы бар. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен ондаған жас маман даярланып, отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Сонымен қатар, ғалым Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық және мақсатты қаржыландыру бағдарламалары аясындағы ғылыми жобаларды табысты жүзеге асырып, бірнеше өнертабысқа патент алған. Педагогикалық қызметінде заманауи оқыту технологияларын енгізіп, білім беру сапасын арттыруға ерекше көңіл бөліп келеді.

Ерболат Махамбетов – металлургия саласының білікті маманы, PhD докторы, қауымдастырылған профессор. Ол феррокорытпа өндірісі, ресурсты үнемдейтін технологиялар және кешенді қорытпалар алу бағытында ғылыми зерттеулер жүргізуде. Ғалымның қатысуымен өндірісте қолданылатын жаңа технологиялық

шешімдер әзірленіп, отандық ірі кәсіпорындарда енгізілген. Соңғы жылдары ондаған ғылыми еңбек жариялап, бірнеше патенттің иегері атанды. Сонымен қатар, жас ғалымдарды даярлауға белсенді үлес қосып келеді.

Одан бөлек, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамытып, шетелдік жетекші университеттермен бірлескен зерттеулер жүргізіп келеді. Өртүрлі ғылыми жобаларды жетекшісі әрі орындаушысы ретінде отандық металлургия ғылымының дамуына нақты үлес қосып, өндіріс пен ғылымның байланысын нығайтуға атсалысып жүр.

Ерен еңбегі еленген жерлерімізді алған марапатымен құттықтап, толағай шығармашылық табыс тілейміз!

Айта кету керек, соңғы жылдары елімізде ғылым саласын жаңғырту бағытында бірқатар жүйелі шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі ұлғайып, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру тетіктері жетілдірілуде. Сонымен қатар, ғылыми нәтижелерді коммерцияландыруға, стартап жобаларды қолдауға және университеттер мен өндіріс арасындағы ықпалдастықты дамытуға басымдық берілуде. Жас ғалымдарды қолдау мақсатында арнайы бағдарламалар іске асырылып, халықаралық ғылыми ынтымақтастық кеңейіп келеді. Бұл бағдарламалар отандық ғылымның сапасын арттырып, оның экономикадағы рөлін күшейтуге бағытталған.

Сурет Ерболат Нысаналыұлының мұрағатынан

• ТҰҒЫР

Ғылымның қия шыңында

Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданы Октябрь селосында дүниеге келген Зейнолла Молдахметұлы студент кезінен үлкен ғылым жолына шығуды армандап, 1959 жылы Мәскеудің Ломоносов атындағы Нәзік химиялық технологиялар институтының аспирантурасына түседі. Өз мақсаты жолындағы адам үшін білім саласында терең достыққа бай ғылыми мектепке кіруі өте маңызды. Бұл институттың алғашқы директоры черенковск сәулеленуін тұңғыш ашушыларының бірі академик С.Вавилов болғандығын айту жеткілікті шығар.

Жас зерттеуші Зейнолла үшін диссертациялық жұмыстың басым бөлігін құрайтын дәл осы комбинациялық шашырау саласында ғылыми жұмыстар жүргізуіне тура келді. Зерттеу саласында кездесетін іргелі мәселелерді шешуде алдына қойған міндеті өте күрделі болды. Аспирантурада оқыған 1959-1962 жылдары Зейнолла Молдахметұлы өте дәл нәзік өлшемдер мен екінші реттік сызықтар спектрлерін талдаудың негізінде көп атомдық молекулалардың ангармониялық тербелістерінің тәжірибелік және теориялық проблемаларын шешумен шұғылданды.

Аспирантурадағы жылдар Мәскеуде өтіп жатқан жағдайларға байланысты өте қызықты болды. Бұл – ҒАФИ-да С.П.Мандельштамның төрағалық етуімен өткен жалпы мәскеулік ғылыми семинарлар, ҒАФИ-ға Нильс Бордың келуі және КСРО ҒА-ның аспиранттарымен бірге апатқа ұшыраған Д.Ландаудың қасында кезекшілікте болуы сияқты оқиғалар еді.

Өз зерттеулерінің нәтижесі бойынша 1963 жылы физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу



” Зейнолла Молдахметұлы 460-тан астам ғылыми, ғылыми-педагогикалық және әдістемелік еңбек жазды, олар республикалық, одақтық және шетелдік баспалардан шығарылды. Оның монографиялары, сан алуан ғылыми мақалалары, сондай-ақ, басылмаған еңбектері ғалымның ғылыми мүдделерінің кеңдігі мен дарынының тереңдігінің куәсі болып саналады.

үшін диссертациясын сәтті қорғап шықты. Одан соң С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физикалық химия кафедрасының оқушысы, Целиноград педагогикалық институтының проректоры болып қызмет атқарып, халық шаруашылығына жас мамандар даярлау ісіне салмақты үлес қосты.

1965-1974 жылдары Қазақ КСР ҒА Химия-металлургия институтының аға ғылыми қызметкері, спектроскопия зертханасының меңгерушісі болып ғылыми ізденістерін жалғастырды. Қызметінің бұл кезеңіндегі ғылыми жұмыстардың көпшілігі этилен тотығы мен оның туындыларын зерттеуге арналған. Көп жылдық зерттеулердің нәтижелері бойынша әріптестерімен бірлесіп «Этилен тотығы туындыларының құрылымдары» атты іргелі монография жазды, бұл еңбек кейін (1972 ж.) оның химия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ізденушілік диссертациясының негізіне алынды.

1974-1975 жылдары Зейнолла Молдахметұлы Қазақ КСР Жоғары және орта кәсіби білім министрлігінің жолдамасымен келіп, Қарағанды мемлекеттік университетінде ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор қызметін атқарды. Сол жылы оған «Физикалық химия» мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді. 1975 жылы нәтижелі ғылыми – педагогикалық тәжірибесі ескеріле келіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұсынысы бойынша Қазақ химия-технология институтына ректор етіп (ҚазХТИ) Шымкент қаласына жіберілді.

Осы институттың ректоры қызметін атқара жүріп, Зекең бар ықыласымен еңбек етті. Ол үнемі оқу орнының қалыптасу мәселелерімен айналысты және оның даму келешегі бағытында жұмыс істеді, педагогикалық ұжымның барлық күш-жігерін бағыттай отырып, халық шаруашылығы үшін қажетті біліктілігі жоғары мамандарды даярлауға атсалысты.

1979 жылдың күзінде Шымкент қаласына қарасты Машат шатқалында кванттық химия саласындағы Қазақстандағы тұңғыш конференция ұйымдастырылды. Конференцияға қатысушылардың ішінде

кванттық химияның көрнекті қайраткерлері болды.

1983 жылы осындай конференция Зейнолла Молдахметұлының жетекшілігімен Қарағанды қаласында да өтті. Дәл осы жылы Орталық Қазақстандағы индустрия альбы Қарағандыдағы Республиканың екінші университетіне ректор тағайындау туралы мәселе туындағанда, халық шаруашылығының көптеген салалары үшін жоғары білікті кадрлар даярлаудың тәжірибелі маманы ретінде таңдау тағы да Зекеңе түсті.

Бұл университетті басқарған 1980-1988 жылдары Зейнолла Молдахметұлы өзіне үлкен жауапкершіліктің жүктелгенін білді. Оның себебі, осы университеттің негізін қалаушы, Қазақ КСР ҒА академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ебіней Бөкетовтің ісін лайықты жалғастыру қажет болатын.

Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болып қызмет атқарған жылдары Зекең аталмыш оқу орнының материалдық – техникалық базасын айтарлықтай нығайтты.

1988 жылы өзінің басшылығымен физикалық-химиялық зерттеу әдістерін зертханасын құрды. Ол физикалық химия кафедрасын басқара отырып, ҚарМУ-дің физика және химия факультеттерінде ауқымды ғылыми-педагогикалық жұмыстар жүргізді, атап айтқанда, «Органикалық молекулалар фотохимиясы», «Физикалық химияның таңдамалы тараулары» деген арнайы пәндерден дәріс оқыды. Ғалым-әдістемелік әзірленімдерге үлкен көңіл бөлді. Ол «Заттардың құрылысы», «Зерттеудің физикалық әдістері» деген жалпы курстар бойынша бірқатар әдістемелік құралдар бастырып шығарды.

1988 жылы З.Молдахметұлы Қазақ КСР ҒА Орталық Қазақстан бөлімшесінің академик-хатшысы болып сайланды. Оның алдында осы өңірдің ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарының қызметін жандандыру, олардың күшін халық шаруашылығының проблемаларын шешуге шоғырландыру бойынша қиын да күрделі ғылыми-ұйымдастырушылық міндет тұрған еді.

Қарағанды қаласында 1983 жылдың

1 қазанынан әлі күнге дейін ҚазКСР ҒА Химия – металлургиялық институтының органикалық химия бөлімінің негізінде ашылған Органикалық синтез және көмір химиясы институтының (ОСКХИ) директоры.

Институт құру өңірдегі органикалық химия және көмір химиясы саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді тереңдету жүргізумен және кеңейтуге байланысты болды. Сөйтіп, ҚазКСР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың көптен күткен арманы орындалып, Қарағанды қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының нәтижелі жұмыс жасайтын ірі ғылыми-зерттеу академиялық бөлімшесі құрылды. Тек бұл бөлімшенің ғұмыры ұзақ болмай, кейіннен жабылып қалғаны ғана өкінішті-ақ.

1998 жылы академик З.Молдахметұлының бастамасымен Қарағанды қаласында Ресей-Қазақстан Қазіргі заманғы Гуманитарлық университеті құрылды, кейін оның атауы Қазақстан-Ресей университеті болып өзгертілді.

З.Молдахметұлы 460-тан астам ғылыми, ғылыми-педагогикалық және әдістемелік еңбек жазды, олар республикалық, одақтық және шетелдік баспалардан шығарылды. Оның монографиялары, сан алуан ғылыми мақалалары, сондай-ақ, басылмаған еңбектері ғалымның ғылыми мүдделерінің кеңдігі мен дарынының тереңдігінің куәсі болып саналады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, химия ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Инженерлік Академиясының Құрметті академигі, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы, академик Е.Бөкетов атындағы сыйлықтың лауреаты Зейнолла Молдахметұлы Молдахметов – ғылыми-техникалық прогреске елеулі үлес қосқан физикалық химия саласындағы ірі зерттеуші, белгілі ғалым. Ол өзінің ауқымды ой-өрісімен, істің мәнін көре білетіндігімен, алдына қойған мақсатына жетудегі табандылығымен ерекшеленеді.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, ҚР Ақпарат саласының үздігі

Қазақ ғылымының темірқазығы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Медицина және биотехнология саласында да бірқатар жаңалықтар бар. Қарағандыдағы ғылыми орталықтарда онкологиялық ауруларды ерте анықтау, жұқпалы аурулардың алдын алу, жаңа диагностикалық әдістерді енгізу бойынша зерттеулер жүргізілуде. Бұл жобалар халық денсаулығын жақсартуға бағытталған нақты ғылыми жетістіктердің бірі болып отыр.

IT және цифрлық технологиялар бағытында да өңір жастары белсенді. Студенттер мен жас зерттеушілер стартап-жобалар жасап, жасанды интеллект, деректерді талдау, автоматтандыру салаларында тың шешімдер ұсынууда. Бұл – ғылымның тек теория емес, нақты нәтижеге бағытталғанын көрсететін айқын дәлел.

Тағы бір маңызды бағыт – жас ғалымдарды қолдау мен ғылымға тарту мәселесі. Соңғы жылдары түрлі гранттар, ғылыми байқаулар мен стартап бағдарламалар



арқылы жастарға үлкен мүмкіндіктер берілуде. Бұл – ғылымның үздіксіз дамуын қамтамасыз ететін негізгі фактордың бірі. Себебі, ғылым – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып эстафета. Сол эстафетаны лайықты жалғастыру бүгінгі жас буынның қолында.

Ал, Қарағанды облысындағы ғылыми ізденістер – Қаныш Сәтбаев негізін қалаған ғылым жолының лайықты жалғасы.

Сурет Әбілқас Сағынов атындағы ҚартУ баспасөз қызметінен

ШАМШЫРАҚ

Ұстаздарға арналған топтама

Тағдырмен сабақтас тарих

2026 жылдың қараша айында білім басқармасының №2 арнайы мектеп-интернаты өзінің айтулы мерейтойын – 60 жылдығын атап өтеді. Бұл – күнтізбедегі жай ғана дата емес, бұл – талай тағдырды тоғыстырған, қиындықты жеңу тарихына, адам жүрегінің жылуына және қайсар рухқа толы тұтас бір дәуір. Осы жылдар ішінде мектеп мыңдаған бала үшін нағыз үйге айналды. Мұнда кедергілер табысқа апарар баспалдаққа, ал шектеулер даму мүмкіндіктеріне айналды.



1966 жылдың қарашасын елестетсек, өндірісті Қарағанды қаласында бұрынғы балалар үйінің базасында полиомиелит салдарынан зардап шеккен балаларға арналған шағын мектеп өз жұмысын бастады. Алғашқы директорлар В.Чуркин, О.Гульченко, П.Сим, Г.Зимонның басшылығымен мектеп уақыттың сынына төтеп беріп, тамырын тереңге жайған алып ағаштай қалыптасты. Алып жыл ішінде мекеме бірнеше сыныптан заманауи оқу-түзету кешеніне дейін дамыды. Ардагер ұстаздар бұл кезеңді «Аздан бастадық, бірақ әр балаға деген сеніміміз зор еді» деп еске алады.

Мектеп тарихында Нинель Беляның орны ерекше. Оның іске деген адалдығы мен мекемені нығайтуға қосқан үлесі мектептің бүгінгі жылы да, сенімді ордаға айналуына зор ықпал етті. Ал, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшін үміт пен жеңіс мекеніне айналған жарқын кезең Гүлнар Киргизбаеваның есімімен тығыз байланысты.

Бүгінде мектепті сенімді түрде алға бастап келе жатқан директор – Эльмира Амандықова. Оның жетекшілігімен түзете-дамыта оқыту жүйесі жетілдіріліп, қоғаммен байланыс нығайды. Қазіргі таңда мектеп-интернат – әр кабинеті тұтас оңалту жүйесінің бір бөлшегі саналатын заманауи кешен. Соңғы жылдары емдік дене шынықтыру залдары, гидрокнезотерапиясы бар бассейн, массаж кабинеттері жаңартылды. Галатерация бөлмесі, психолог, логопед, дефектолог кабинеттері мен химия сынып-

тары жаңа құралдармен жабдықталды. Қыш, слесарь және тігін шеберханалары ашылды. 2025 жылдан бастап, мектеп-интернат инклюзивті білім беруді дамыту бойынша ресурстық орталық мәртебесіне ие болды.

Бүгінде мұнда төрт музей жұмыс істейді: Ұлы Отан соғысының батыры, «Даңқ» орденінің барлық үш дәрежесінің кавалері Мұтәш Сүлейменов атындағы музей, мектептің 60 жылдық тарихын сақтаған мектеп музейі, спорттағы жетістіктерді паш ететін спорт музейі және ұлттық құндылықтарды танытатын этнографиялық музей. Бұл музейлер тек экспозиция емес, тәрбиелік алаңға айналған. Мұнда оқушылар экскурсия өткізіп, ерлік сабақтарын ұйымдастырады, қонақтармен кездесулер өткізеді.

Мектеп-интернат өз жетістіктерін республикалық және халықаралық деңгейде дәлелдеп келеді. 2001 жылы «Білім уясы – 2001» республикалық байқауында «Үздік жыл интернаты» номинациясы бойынша I дәрежелі дипломмен марапатталды. 2016 жылы «Үздік адамдар. Білім берудегі үздіктер» халықаралық энциклопедиясына енді. 2017 жылы Қазақстанның 100 үздік мектебінің қатарына кіріп, «Білім берудегі көшбасшы – 2017» II Ұлттық сыйлығының лауреаты атанды.

– Біздің мақсатымыз – тек білім беру ғана емес, жан мен тән саулығын қалыптастыру, – дейді мектеп директоры. Мұнда педагогтар мен дефектологтар, логопедтермен қатар педиатрлар, неврологтар, ортопед-дәрігерлер бірлесіп еңбек етеді. Күн

сайын кішкентай жетістіктер үлкен қуанышқа айналады: бала алғашқы қадамын жасайды, кеше судан қорыққан оқушы бүгін бассейнде еркін жүзеді, тілі шықпаған бүлдіршін алғаш рет «ана» дейді, жасөспірім өз қолымен бұйым жасап, өзіне сенімділік табады. Осындай сәттер үшін бүкіл ұжым аянбай еңбек етеді.

Мектептің басты мақтаншы – тәрбиеленушілері. Олар оқу, өнер, спорт және шығармашылық салаларында белсенділік танытып, халықаралық аренада ел намысын қорғап келеді. АҚШ-тағы Дүниежүзілік Олимпиада ойындары, Токиодағы Азия жасөспірімдер Паралимпиадасы, Афинадағы арнайы Олимпиада, Даниядағы халықаралық жүзу турнирі, Польшадағы чемпионат, Ұлыбританиядағы Паралимпиада, Омбыдағы жарыстар, Грекия мен Бахрейндегі халықаралық турнирлер – осының барлығы мектеп оқушылары жеткен биіктердің дәлелі.

Мектеп ұжымы – жүрегі кең, жаны мейірімге толы жандар. Мұнда 80-ге жуық маман еңбек етеді. Олардың қатарында облыс әкімі сыйлығының иегерлері мен «Жыл мұғалімі» байқауының жүлдегерлері бар.

Мектеп тарихында ардагерлердің орны ерекше. Олар қалыптастырған дәстүр мен тәжірибе бүгінгі ұрпаққа жалғасып келеді. Ал, түлектер – мектептің ең үлкен мақтаншысы.

Әлия НҰРАЛИНА,
ардагер-ұстаз
Суреттерді түсірген автор

Адамзаттың байлығы

Білім – адамзаттың ең ұлы байлығы, ұлттың болашағына жол сілтейтін шамшырақ. Бүгінгі білімді ұрпақ – ертенгі қоғамның тірегі, мемлекеттің сенімді тіреуі. Ақылды, білімді маман болу – жарқын болашақтың кепілі, ал, адал азамат болу – қоғамдық сенімнің негізі.



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ



Адалдық – адам мінезінің асыл қасиеті, ұлттық болмыстың өзегі. Білім алушы жас бүгінгі білім ордасында адалдыққа тәрбиеленбесе, ертенгі қоғамда коррупция, алдау, сатқындық өмір сүреді. Адал азамат – сөзіне берік, ісіне жауапты, ұлт мүддесін жоғары қойған тұлға. Қазақтың данағой ақындары ескерткендей: «Адам болам десеңіз, адам болам дегендей болма, адам болу керек» деп. Білім тек кітаптан оқып қана қалыптаспайды, ол мінезге сіңіп, жүрекке жылып, іс-әрекетке көрініс береді.

Мектептегі оқушы бүгінгі сабақтағы адал жауап берумен бастайды: тек өзі білетінді айту, досыңыздың жұмысын көшіріп алу емес. Университетте – зерттеу жұмыстарында плагиатсыз еңбек ету, емтиханда ашық сынақ тапсыру. Бұл – кішкентай қадамдар, бірақ олар адалдықтың тамырын қалайды. Қазіргі Қазақстанда «Жаңа Қазақстан» бағдарламасы осыны көздеп отыр: жастарды адал еңбекке, ашық бәсекеге тәрбиелеу. Адал азаматсыз маман – жокқа шығады, өйткені, сенімсіз адамға ешкім үлкен істі жүктемейді.

Кәсібилік – білімнің шыңы, қоғам дамуының қозғаушы күші. Жас маман тек теориямен қана шектелмей, практиканы меңгеріп, инновацияларға ашық болуы керек. Цифрлық технологиялар дәуірінде IT-маманы, инженер, дәрігер – бәрі өз ісінің хандары болуы тиіс. Білім – бұл өмір бойы жалғасатын процесс: мектептен бастап, университеттен өтіп, жұмыс орнында дамып отыратын жол.

Қазақстанда білім жүйесі осы бағытта реформалануда. Назарбаев Зияткерлік мектептері, техникалық университеттер жас мамандарды әлемдік деңгейге дайындайды. Бірақ кәсібиліктің кілті – өз ісіне деген ғашықтық пен жауапкершілік. Мысалы, дәрігер науқастың өмірін құтқаруда тек кітап білімі емес, адамгершілік пен адалдық қажет. Инженер көпір саларда нақты есептермен қатар, қоғам қауіпсіздігін ойлауы шарт. Сондықтан, білім – кәсіби маман қалып-

тастырушы ғана емес, оны адалдықпен байланыстырушы көпір.

Білім мен адалдық – егіз ұғымдар. Адал азаматсыз кәсіби маман – жұртқа ұқсас: қатты көрінеді, бірақ іші бос. Кәсіби маман болсаң да, адалдықсыз – қоғамға қауіп. Абайдың өсиетімен айтқанда: «Ұлы ғылым – адам болу ғылымы». Бүгінгі жас – ертенгі басты, ата-ана, азамат. Ол білім арқылы өзін дамытып, адалдық арқылы қоғамға пайда әкелуі тиіс.

Қазақстанның болашағы – білімді жастардың қолында. Бүгінгі оқушы, студент – ертенгі ғалым, басты, азамат. Олардың иығында ұлттың армандары, мемлекеттің өркендеуі жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білім туралы» жаңа Заңы осыны бекітеді: білім беру жүйесі жастарды адал, кәсіби тұлға етіп қалыптастыруға бағытталған. Бұл заң тек теория емес, практикаға негізделген реформа: цифрлық білім беру, кәсіби дағдыларды ерте меңгеру, адамгершілік тәрбиенің басымдығы. Ол жастарды жаһандық бәсекеге дайындайды, бірақ ең бастысы – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, адалдықты мінездің негізі етеді.

Әр оқушы өзін осы биіктікке көтеруі керек. Кітап оқумен қатар, спортпен айналысып, қоғамдық жұмыстарға қатысып, мінезін шыңдауы қажет. Кітап деген ақылдың қанаты болса, спорт – дененің күші, қоғамдық жұмыс – жауапкершіліктің мектебі. Бұл үйлесім арқылы жас өзін толық тұлға ретінде қалыптастырады. Білімді денсаулықты, адалдықты кәсібилікпен байланыстырады.

Білім – келешегіміздің кілті, ұлттың жарқын болашағына апаратын жарық жол. Ол бізді адал азамат, кәсіби маман етеді, қоғамды сенім мен дамуға толтырады.

Айнур ЖИЛМАСОВА,
Талды ауылы №19 тірек мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі, педагог-зерттеуші.
Қарқаралы ауданы

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Қазақстанда бүгінде 400 мыңнан астам мектеп мұғалімі еңбек етеді, ал, жалпы педагогтар саны 600 мыңға жуық. Ел бойынша 8 мыңнан астам мектепте 4 миллионнан аса оқушы білім алуда. Бұл көрсеткіштер мұғалімдердің қоғамдағы орны ерекше екенін және білім беру жүйесінің ауқымды екенін дәлелдейді.

Жасанды интеллект және әдебиет

Қазіргі білім беру жүйесінде әдебиетті оқыту тек мәтінді менторлармен шектелмейді. Ол – оқушының ойлау қабілетін дамытуға, рухани дүниесін байытуға бағытталған күрделі үдеріс. Әсіресе жоғары сыныптарда, соның ішінде, орыс сыныптарында қазақ әдебиетін оқытуда бұл міндет тіптен өзекті. Осы тұста жасанды интеллект пен цифрлық платформалар көркем мәтінді оқушыға жақындатудың тиімді құралына айналып отыр.

Сабақ барысында Magic School, Canva, D-ID, Rocket AI сияқты платформаларды қолдану әдеби шығарманы «тірі мәтінге» айналдырып, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады. Мәселен, 10-сыныпта Қайнар Олжайдың «Жер мен аспан арасындағы дастан» шығармасын оқыту



кезінде визуалды және дыбыстық құралдар кеңінен пайдаланылды. Canva платформасында дайындалған символдық бейнелер мен поэтикалық үзінділер оқушыларды шығарманың философиялық мазмұнына жетелесе, D-ID арқылы мәтіннің дыбысталуы берілуі поэзияны сезіну деңгейін күшейтеді.

Ал, Magic School көмегімен ұсынылған тапсырмалар оқушыларды терең ойлауға, көркем образдарды талдауға және шығарманы бүгінгі өмірмен байланыстыруға мүмкіндік берді. Оқушылар топтық жұмыс барысында инфографика, постер, шығармашылық жобалар әзірлеп, өз көзқарастарын дәлелдеуге тырысты.

Осындай тәсіл 9-сыныпта Қасым Аманжоловтың «Жас дәурен» өлеңін оқытуда да тиімді нәтиже көрсетті. Rocket AI арқылы дайындалған аудио нұсқа мен Canva-дағы бейнематериалдар өлеңнің эмоциялық қуатын ашуға сеп болды. Нәтижесінде оқушылар лирикалық кейіпкердің ішкі жан дү-

ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ

2026

ниесін терең түсініп, өз ойларын еркін жеткізе алды.

Тәжірибе көрсеткендей, жасанды интеллект қолданылған сабақтарда оқушылар тек білім алып қана қоймай, шығармашылық тұрғыдан дамиды, көркем мәтінге жеке көзқарас қалыптастырады. Дегенмен, цифрлық құралдар мұғалімді алмастырмайды. Керісінше, ұстаздың әдістемелік шеберлігі мен бағыт-бағдарын толықтыратын көмекші құрал ретінде қызмет етеді.

Жасанды интеллект пен цифрлық платформаларды тиімді пайдалану – қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы сапаны арттыратын заманауи тәсіл. Мұндай сабақтар оқушылардың сыни ойлауын дамытып, ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын күшейтеді.

Толқын ҚАДЫРОВА

Телефон білімге кедергі ме?

Қазіргі қоғамды смартфонсыз елестету мүмкін емес. Ол – байланыс құралы ғана емес, ақпарат көзі, ойын-сауық алаңы, тіпті, кейде білім алу құралы. Алайда, осы технологияның пайдасымен қатар, әсіресе, мектеп жасындағы балалар арасында, оның зияны да айқын сезіле бастады. Бұл құбылыс бүгінгі білім беру жүйесіне қаншалықты әсер етеді? Шынымен де, телефон – білімге кедергі ме?



Сурет ЖИ

Мұғалімдер күнделікті сабақ барысында оқушылардың назарын сабаққа аудару барған сайын қиындап бара жатқанын жиі айтады. Бұрын дәптер мен кітапқа үңілген бала бүгінде үзілісте ғана емес, кейде сабақ үстінде де телефон экранына телміреді. Әлеуметтік желілер, қысқа видеолар, ойындар, барлығы баланың уақытын ғана емес, зейінін де «ұрлап» жатыр. Телефонға тәуелділік ең алдымен, оқушының зейін қою қабілетіне кері әсер етеді. Қысқа форматтағы видеоларға үйренген бала ұзақ мәтінді оқуға, мұғалімді тыңдауға, тапсырманы терең түсінуге қиналады. Бұл – тек үлгерімнің төмендеуіне емес, ойлау қабілетінің үстірт қалыптасуына алып келеді. Яғни, оқушы ақпаратты қабылдайды, бірақ, оны сарптап, талдауға дағдыланбайды.

Екіншіден, смартфон оқушылардың уақытты басқару мәдениетін бұзады. Көптеген балалар «тағы бір видео», «тағы бір ойын» деп, уақытты қалай өткенін байқамай қалады. Соның салдарынан үй тапсырмасы кеш орындалады немесе мүлде орындалмайды. Үйкі режимі де бұзылады. Түнгі уақытын телефонға жұмсаған оқушы сабаққа шаршап келеді, бұл оның оқу сапасына тікелей әсер етеді.

Үшіншіден, телефонға тәуелділік тәртіп мәселесіне де әсер етеді. Мұғалімнің ескертуіне қарамастан телефон қолдану, сабақ үстінде жасырын түрде видео көру немесе хат жазу – бүгінде жиі кездесетін жағдай. Бұл тек оқу

процесін бұзып қоймай, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа да кері әсер етеді. Дегенмен, мәселені біржақты қарастыру дұрыс емес. Телефон дұрыс пайдаланғанда ол – тиімді білім көзі. Онлайн платформалар, оқу қосымшалары, электронды кітаптар – барлығы оқушының білімін кеңейтуге мүмкіндік береді. Яғни мәселе телефонда емес, оны пайдалану мәдениетінде. Бұл жерде негізгі жауапкершілік үш тарапқа жүктеледі: оқушы, ата-ана және мектеп. Оқушы саналы түрде уақытын реттеуді үйренуі керек. Ата-ана баласының экран алдында өткізетін уақытын бақылап, үлгі көрсетуі маңызды. Мектеп тарапынан нақты ережелер мен түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілуі тиіс.

Кейбір мектептерде сабақ кезінде телефон қолдануға тыйым салу тәжірибесі енгізілген. Бұл – уақытша нәтиже беруі мүмкін, бірақ, мәселені толық шешпейді. Себебі, тыйым емес, түсінік қалыптастыру маңызды. Оқушы не үшін шектеу бар екенін түсінгенде ғана нәтиже болады. Егер біз балаларға саналы қолдану мәдениетін үйрете алмасақ, онда телефон шынымен де, білімге кедергіге ай-

налады. Егер дұрыс бағыт көрсете білсек, ол білім берудің жаңа мүмкіндіктерін ашатын тиімді құрал бола алады.

Мәселенің тағы бір маңызды қыры – телефонға тәуелділіктің баланың психологиялық жағдайына әсері. Үнемі экранға телміріп отыру баланың шынайы өмірдегі қарым-қатынас дағдыларын әлсіретеді. Бұрын оқушылар үзілісте бір-бірімен сөйлесіп, ойнап, араласса, бүгінде көпшілігі өз әлеміне еніп кеткендей әсер қалдырады. Бұл – жалғыздық сезімінің артуына, тіпті, кей жағдайда тұйықтыққа әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі «мінсіз өмір» көріністері балалардың өз-өзіне деген сеніміне кері әсер етеді. Басқаман салыстыру, лайк пен пікірге тәуелділік – жасөспірімнің психологиясына ауыр жүк түсіреді. Мұндай жағдайда бала сабаққа емес, виртуалды беделге көбірек мән бере бастайды. Бұл – білімнің құндылығын төмендететін факторлардың бірі.

Тағы бір назар аударатын мәселе – денсаулыққа зияны. Ұзақ уақыт телефон қолдану көздің көру қабілетіне, омыртқаға, жалпы физикалық дамуға кері әсер



БИЛІМДІ ҰРПАҚ

оқушы телефонды тек ойын құралы емес, оқу құралы ретінде қабылдай бастайды.

Үшіншіден, ата-анамен бірлескен жұмыс күшейтілуі қажет. Көп жағдайда ата-ана баласының телефонды қанша уақыт қолданатынын нақты бақыламайды. Кейде тіпті, өздері де үлгі бола алмайды. Сондықтан, отбасында да «цифрлық тәртіп» қалыптасуы тиіс: белгілі уақыт шектеуі, телефонсыз уақыт (мысалы, кешкі ас кезінде), бірге өткізілетін сапалы уақыт. Тағы бір тиімді әдіс – баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру. Спорт, шығармашылық үйірмелер, кітап оқу, достарымен тірі қарым-қатынас – мұның барлығы телефонға тәуелділікті азайтады.

Егер балада қызықты, пайдалы істер көп болса, ол экранға байланып қалмайды. Телефонға тәуелділік – бүгінгі күннің шынайы проблемасы. Ол білім сапасына, тәрбиеге, денсаулыққа және психологиялық жағдайға тікелей әсер етеді. Бірақ, бұл шешімі жоқ мәселе емес. Ең бастысы тыйым салу емес, дұрыс бағыт беру, түсіндіру және үлгі көрсету.

Егер біз баланың технологиямен қарым-қатынасын дұрыс қалыптастырсақ, онда телефон кедергі емес, керісінше, білім мен дамуың тиімді құралына айналады. Сондықтан, бүгінгі басты сұрақ: «Телефонды қалай шектейміз?» емес, «Телефонды қалай дұрыс пайдалануды үйретеміз?» болуы тиіс.

Екіншіден, сабақ процесін де заманға сай өзгерту маңызды. Егер мұғалім тек дәстүрлі әдіспен түсіндіре берсе, оқушыға ол қызықсыз болуы мүмкін. Заманауи технологияларды дұрыс қолдана отырып, сабақты интерактивті, қызықты етуге болады. Сонда

Алтыншаш ДЮСЕНБЕКОВА,
Мағжан Жұмабаев атындағы
гимназияның информатика
пәні мұғалімі

• «OZYQ O!»

Зерек шәкірттер сайысы

Мектебімізде Санжар Керімбайдың «Өзбекәлі және мәдени майдан» еңбегі бойынша 9-11 сынып оқушылары арасындағы «OZYQ O!» зияткерлік кітап оқу сайысы ұйымдастырылды.

Сайыс үш кезеңнен тұрды. Сайыстың барлық тапсырмаларын әріптестерім Гүлшат Смағұлова, Жұлдыз Даулетбай, Амангүл Мұхамметғали дайындады.

Бірінші кезеңде оқушылар платформа арқылы 50 сұрақтан тұратын тестке жауап берді. Екінші кезеңде кітап бойынша берілген билет сұрақтарына жауап беріп, кейіпкерге хат жазды. Осы екі кезеңнен іріктеліп шыққан 20 оқушы төрт топқа бөлініп, әртүрлі тапсырмалар орындады. Оқушылар аса белсенділік таныта отырып, Өзбекәлі Жәнібековтің өмірімен танысты.

Нәтижесінде, қазылар алқасы шешімімен, ерекше көзге түсіп, кітаптың мазмұнын жете меңгерген топ мүшелері айқындалып, кезекті үш орын иегері анықталды. Аталған жүлделі орындарға ақшалай сыйақылар берілді. Бұл сайысты өткізуге демеушілік еткен кәсіпкерлер Айдос Тоқтыбай және Нұркен Ибраһимға алғыс білдіреміз! Осындай сайыстар жалғасын табады деген ойдамыз.

Бұл сайыс оқушылардың тек білімін ғана емес, олардың шығармашылық қабілеттерін, ойлау деңгейін және кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға зор ықпал етті. Әсіресе, тарихи тұлғаның өмірі мен еңбегін терең түсіну арқылы жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген құрметі қалыптасты. Мұндай тағалымы мол шаралар алдағы уақытта да өз жағасын тауып, оқушылардың рухани дамуына серіпін береді деп сенеміз.

Манар ӨМІРСЕРІК,
№65 мектебінің
қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі

Ойын ойды дамытады

Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту – маңызды міндеттің бірі. Себебі, дәл осы кезеңде баланың зейіні, есте сақтау қабілеті, ойлау мен қиялы қалыптасады. Осы тұрғыда ағылшын тілі сабағы тек шетел тілін үйрету емес, баланың ой-өрісін кеңейтетін тиімді алаңға айналып отыр.



ӘЛЕМГЕ ЖОЛ

Ағылшын тілін меңгеру үдерісі оқушыдан зейін мен есте сақтауды, логикалық ойлау мен елестету қабілеттерін қатар талап етеді. Сондықтан, сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер баланың жас ерекшелігіне сай, қызықты әрі нәтижелі болуы шарт. Оқушы пәнге қызыққан сайын, оның танымдық белсенділігі де арта түседі. Осы мақсатта бастауыш сыныптарда ойын элементтері, интерактивті тапсырмалар мен көрнекі құралдар кеңінен қолданылады. Тыңдау, қайталау, визуализация және топтық жұмыс түрлері балаларды еркін әрекетке жетелеп, жаңа білімді жеңіл қабылдауға мүмкіндік береді. Мұндай сабақтарда оқушы тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушыға айналады.

Сабақ барысында ойлану мен сөйлеуді қатар дамытатын «Speak & Think» әдісінің тиімділігі байқалды. Қысқа әрі нақты сұрақтарға жауап беру

арқылы оқушылар өз ойын ағылшын тілінде жүйелі жеткізуге үйренеді. Ал, жұптық және топтық жұмыстар балалардың бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауына жол ашады. Зейін мен есте сақтау қабілетін дамытуда визуализацияға негізделген әдістер де маңызды рөл атқарады. Суреттер, флешкарталар, инфографика мен бейнематериалдар арқылы ұсынылған жаңа сөздер оқушылардың материалды тез меңгеруіне және ұзақ уақыт есте сақтауына көмектеседі.

Сонымен қатар, ойынға негізделген тапсырмалар бастауыш сынып оқушылары үшін аса тиімді. «Сөз құрастыр», «Жұмбақ шешу», рөлдік және тілдік ойындар арқылы балалар жаңа лексиканы еркін меңгеріп, оны күнделікті өмірмен байланыстыра алады. Ойын барысында тілдік кедергілер жойылып, сабаққа де-

ген қызығушылық артады.

Тапсырмалардың күрделілігін біртіндеп арттыру оқушылардың сыни және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сурет бойынша әңгіме құрастыру, мәтін мазмұнын болжау сияқты жұмыстар балаларды өз бетінше ойлауға және шешім қабылдауға үйретеді.

Мұндай сабақтар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, шетел тілін меңгеру сапасын да едәуір жақсартады. Ұтымды ұйымдастырылған әдістер бастауыш сыныптан бастап, оқушының танымдық белсенділігін дамытуға берік негіз қалайды.

Алина ШАЙДАРОВА,
Ж.Ақылбаев атындағы
мектеп-гимназияның
ағылшын тілі пәні мұғалімі
Сурет автордан

Бала әлемі бөлекше

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде оқушылардың тек білім алуына ғана емес, олардың психологиясына да ерекше мән беріледі. Әсіресе, жасөспірім кезеңінде тұлғаның эмоциональді әлемі сыртқы орта әсеріне сезімтал болады. Осыған байланысты эмоционалды тұрақтылықты қалыптастыру – мектеп психологияның негізгі бағытының бірі.



БОЛАШАҚ



Эмоционалды тұрақтылық дегеніміз – адамның түрлі жағдаяттарда өз сезімдерін бақылап, күйзеліс жағдайларына төтен бере алу қабілеті. Бұл қасиет тұлғаның үйлесімді дамуына, әлеуметтік бейімделуіне және оқу жетістігіне тікелей ықпал етеді.

Эмоционалды тұрақтылығы қалыптасқан оқушы кез келген қиындықты сабырмен қабылдай алады, өз эмоциясын реттей отырып, дұрыс шешім қабылдауға бейім болады. Мұндай оқушылар, өзіне сенімді, қарым-қатынасқа ашық, оқу процесінде белсенді, қиындықтарға төзімді.

Ал, эмоционалды тұрақтылығы жеткіліксіз оқушыларда керісінше мазасыздық, қорқыныш, сенімсіздік сияқты жағымсыз күйзелі-

стер жиі байқалады. Бұл олардың оқуына да, әлеуметтік ортаға бейімделуіне де кері әсер етеді.

Мектеп психология оқушылардың эмоционалды жағдайын зерттеу мақсатында түрлі психодиагностикалық әдістерді қолданады. Солардың бірі – мектептік үрейді анықтауға арналған әдістемелер.

Диагностика нәтижелеріне сүйене отырып, оқушылармен арнайы түзету-дамыту жұмыстары ұйымдастырылады. Бұл жұмыстар топтық тренингтер, психологиялық жаттығулар, релаксациялық тәсілдер, ойын технологиялары арқылы жүзеге асырылады.

Эмоционалды тұрақтылықты дамыту барысында эмоцияларды тану және білдіру жаттығулары, тыныс алу және өзін-өзі реттеу

техникасы, рөлдік және ситуациялық ойындар, арт-терапиялық әдістер, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтар нәтиже береді.

Аталған әдістер оқушыларға өз сезімдерін түсінуге, ішкі күйін басқаруға және әлеуметтік ортада өзін сенімді ұстауға мүмкіндік береді.

Эмоционалды тұрақтылық – тұлғаның толыққанды қалыптасуының негізгі көрсеткішінің бірі. Ол оқушының тек психологиялық жай-күйіне ғана емес, оның оқу жетістігі мен қоғамдағы орнын табуына да әсер етеді.

Алтынгүл ӘБЛОВА,
Б.Момышұлы атындағы мектептің педагог-психологы
Сурет автордан



Ұстаздық ұлағат

«Халқым үшін философ болуға тура келді».
Дидро.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары ортасынан бастап жоғары оқу орны саласында еңбек жолын бастаған Задан Тасқалиұлының алдынан мыңдаған шәкірт білім алып, маман ретінде қалыптасып шықты. Еліміздің шартарабында жүрген түлектер қалай екенін білмеймін, бүгінгі Қарағанды университетінің филология факультетінде ғылым мен ұстаздықта еңбек етіп жүрген, алдының жасы жетпістен асқан, шашына ақ кірген аға шәкіртінен бастап орта буынға дейін абзал ағаның есімін әрдайым құрметпен атайтыны анық. Өйткені олар – Зәкеннің зергерлі шекпенінен шыққандар.

Задан Жұмағалиев бас болып іргетасын қалаған «Қазақ әдебиеті» кафедрасы өсіп-өне келіп, ордалы ғылым ұясына айналды. Кез келген жоғары оқу орнынан иығы озық ғылыми ортасы бар ұжым десек, артық айтқандық болмас. Толғауы тоқсан тағдырдың бұйрығы да шығар, алайда, осынау аласапыран өмірде оларды қызығынан қызғанышы, мейірімнен қаталдығы ба-сым ғылым атты қиын салаға тәрбиелеп, бәйгеге қосқан Зәкен еді. Олар түглі қазақ тілінің екі бірдей кафедрасындағы Зәкеннен дәріс тыңдау құрметіне не бола алған әріптестеріміз де абзал ағаның осы мерейтойы алдында «үлгілі ұстаз, жақсы аға, қамқор адам ретінде менің өмірімде қандай із қалдырды» деген қимастық ойда жүргеніне сенім кәміл. Өйткені олардың барлығы – Зәкеннің зерлі шекпенінің жылуын сезініп барып, ғылым атты кең дарияға сапарға шыққандар.

«Мен қазақтың» деп кеуде қаққанмен, өз ұлты алдындағы презенттік парызын әркім әрқили сипатта түсінінті бар. Біреу кеуде қағып айғай-шумен, «мені көрдің бемен» шықса, ал, енді басқалары үндемей ғана іс тындырып, мадақ-мақтау күтпей-ақ жүреді. Біз Зәкенді осы соңғы топтағы адамдар қатарына жатқызар едік. Кешегі тоталитаризм заманындағы қазақ тілінің абырой-беделі төмендеген кезде, ұлы державалық шовинизм ықпалына түскен ұлттық нигилистер мен мөңгірттермен айқасып, арпалысып жүріп, 1966 жылы «Қазақ әдебиеті» кафедрасын ашып, оны менгеруші болып жиырма жыл бойы басқару оңай шаруа болмаса керек. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын бар-жоғы 25-ақ студентке тіл мен әдебиеттен бір кафедра жетпей ме?» деген сыңар-жақ пікір үстемдік алып, ашық ай-

тылмай да қалған жоқ емес еді. Ал, «орыс тілі-әдебиеті» мамандығына бақандай 75 студент қабылданатын. Бақандай үш кафедра жұмыс жасайтын.

Задан ағамыз табиғи болмысын да ұстаздық пен ғалымдық қасиет қатар ұштасқан тұлға. Ұстаздық деген шәкіртке деген жүрек жылуы деп жатамыз. Ұстаз ретінде өз дәрістерінде мейлінше қатал болды, қатты талап қойды. Басты ұстанымы – қайткен күнде де студенттерге көркем шығарманы оқыту, ғылыми теориялық тұрғыда талдай білуге бейімдеу мен әдістемелік дағдыда түсіндіре білуі менгерту.

Кеңестік дәуірінде шығармаларын оқымақ түгіл, атын айтуға өзі қуаңданып саналатын Алаш арыстарының есімдері мен көркем туындылары туралы танымдық деректі де біз алғаш рет тек Зәкеннің аузынан естігенбіз. Зәкенді құдай сақтады, «ұлтшылдықтың» қамытын киіп шыға келуі оп-оңай еді. МХК-нің «үндемес» тыңшылары студенттік топтардың ортасында да болды. Оған дәлел – өз дәрісінде Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылмағаны, оны адам айтқысыз қанжоса қырғынмен жаулап алғанды нақты деректермен дәлелдеген тарихшы ғылым кандидатының тағдыры. Ең өкініштісі – қазір оны ұлы державалық шовинистік қысымға қарсы өз әлімше көзсіз ерлік жасады деп бағалап жүрген ешкімнің де болмауы.

Ал, біз Зәкеннің дәрісінде М.Әуезовтің «Қаракөз» трагедиясы жабық бөйгеден бірінші орын алу себебі «ұлтшыл-алашордашыл» Ж.Аймауытов деген «біреудің» өзінің 1-орын алған «Шернияз» драмасына тиесілі бірінші орын мен оған берілетін ақшалай сыйлықты Ленинградта аспирантурада оқудағы М.Әуезовке қиғанын естіп



таңдай қаққамыз.

Қажым Жұмалиевтың 1938 жылғы шыққан «Әдебиет теориясы» еңбегінен бұрын «алашордашыл-ұлтшылдар» көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсын «дегеннің» «Әдебиет танытқыш» атты іргелі зерттеуі болғанын да алғаш Зәкеннің дәрісінде таныс болдық. Сөйтсек, «санасы барлары болса ұға берсін, ең болмағанда өз халқының даналарының есімдері құлақтарында қалсын» деген мақсатта айтады екен ғой. Адам баласының тыйым салынған нәрсеге құмарлығын тұрақты қасиеті бар ғой. Біз, жігіттер жағы, Зәкеннің көңілді шағын аңдып және тағы бір аяулы ұстазымыз Мұрат Смағұлов екеуін айналдырамыз. Пионер, комсомол болып тәрбиеленген біздер ғылыми зерттеу еңбектерде кеңестік идеология салдарынан «ұлтшыл» атанып, қара күйе жағылғандар туралы барынша көбірек білгіміз келетіні рас еді. Себебі, біразымыздың әкелеріміз Ұлт ұстазы Аханның әліп-бінінен сауат ашқандар болғандықтан, бала кезімізде солардың айтқандары мен Зәкеннің мағынасы терең сөздерін өзімізге белгісіз бір түйсікпен ұғынуға талаптанушы едік. Ендеше, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің «С.Мұқанов өзінің 1932 жылғы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (Ұлтшылдық – байшылық дәуірі)» атты еңбегін субъективтімізге сүйе-

не отырып әдейі жазды. Ондағысы «ұлтшылдықтың» әшкерелеген бола отырып, оларды тарихта қалдыруды мақсат тұтты» деген пікірін еріксіз мойындауға тура келеді.

«Ол кезде», – деп еске алады. Зәкен – тоталитаризм зардабынан әдебиет кеңестік идеологияның үгіт-насихат құралына айналған шағы еді ғой. Бірақ гуманистік идеялар жырланбайтын көркем шығарма болмайды. Маған жеке-леген және атағы шығып жүрген жазушылар шығармаларын зерттеуге ұсынғандар да болды, ақыл-кеңес бергендер де болды. Бірақ, көзқарасымнан таймадым. Себебі, жеке ақын-жазушы шығармашылығынан докторлық қорғау ғылым үшін де қажет болғанымен жеке бас үшін де бүкіл ұлттық әдебиеттанудың келелі дел саналатын күрделі мәселелері тұрғанда өзіміз әдейі қиынға салдым». Расында да, Зәкеннің «Өршіл гуманизм өнегесі» аталатын 1977 жылы жарық көрген монографиясы ғылыми ортада резонанс тулдырды демесек те, таптаурын болған тақырыптардан кара үзін шыққаны шындық. Қазіргі ғылыми зерттеушілік ой-пікір бұл тақырыптағы бағытта соны ізденістер жасауға талпыныс жасап жатқан болса, сол жолдың ба-сында Зәкеннің ғылыми зерттеулері мен мақалалары тұрғаны анық.

Танымал ғалым Зәкеннің қолынан шыққан «Өршіл гуманизм



дық атаулының баламасы деп біледі. Ал, шын тарихтағы Құнанбай одан өзгешелеу болыпты. Обалы не керек, маркстік-лениндік ілім Құнанбайды қорғап бас қатырған жоқ. «Неге олай болып шыққан» деушілерге ол табиғи Құнанбай емес, әдеби кейіпкер деген уәж айттық. Саясаттың отына күйген жалғыз Құнанбай ма?» – деген секілді тың ойлар әуезовтану іліміндегі зерттеушілік ой-пікірде тәуелсіздік алған кезде алғашқылардың бірі болып айтылуымен құнды. Бұл секілді кесек-кесек соны тұжырымдарды еңбектегі «Тар жол – тайғақ кешу», «Ботакөз», «Қан мен тер», «Ақ жайық», «Тоқаш Бокин», «Қыран қазасы княда» сияқты тарихи тақырыптағы шығармалар туралы жазылған мақалалардан көптеп кездестіруге болады. Тарихи тұлға және көркем бейне проблемасы мен жазушының шығармашылық лабораториясын терең түсінуге ұмтылған филолог маман да, студент шәкірт те ғылыми мәні мол жаңа деректер мен тың талдау, сапалы саралаулар таба алар еді.

Көркем шығармалардың тағдыр-ғалайы туралы жанаша ізденістер Зәкенді ұлттық әдебиет тарихындағы ақтандықтар тақырыбына жетеледі. Қазақ халқының зиялы қауымына қарсы жүргізілген қатал саясат пен шовинистік көзқарастың, нигилизмнің құрбаны болған Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытовтардың өмірі мен шығармашылығы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Хамза Есенжанов және т.б. туралы бұрын ашық айтыла бермеген пайымдауларды ғалымның 2001 жылы шыққан «Замана сазы» атты ғылыми зерттеулер жинағынан кездестіре бердік.

Нақты айтқанда, Задан Жұмағалидың сын-зерттеулері мен оқуларының ұлттық әдебиеттану ғылымына қосылған сүбелі еңбектер десек, артық айтқандық емес.

Жандос СМАҒҰЛ,
шәкірті, филология
ғылымдарының докторы,
профессор

• ҚАРАҒАНДЫ ҒАЛЫМДАРЫ

Абайтану һәм ғалым

Қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті ғалым, менің ұлағатты ұстазым Задан Тасқалиұлы Жұмағалидің туғанына 90 жыл. Өзінің бүкіл саналы ғұмырын Қарағанды мемлекеттік университетінің қабырғасында шәкірттеріне білім беруге арнаған ұстаз – кеңестік кезеңдегі әдеби үдерісті терең зерттеп, ұлттық руханияттың көкейкесті мәселелерін ғылыми тұрғыдан саралаған білікті әдебиетші-ғалым ретінде елімізге таныма. Бүгінгі таңда академик Евгений Бөкетов есімін иеленген білім ордасында мыңдаған шәкірт тәрбиелеген ұстаз. Мен де сол көп шәкірттің бірімін.

Ғалымның зерттеу еңбектерінің маңызды бір саласы – абайтану мәселелері. Қазақ ақыл-ойының алыбы Абай Құнанбайұлы шығармашылығын жанаша пайымдау, әдеби мұраларының тілдік, эстетикалық, гуманистік қырларын заман талабымен қайта қарастыру – Задан Тасқалиұлы зерттеулерінің өзекті арнасы.

Ғалым кеңестік кезеңде маркстік-лениндік әдіснаманың ықпалымен бұрмаланып түсіндірілген әдеби құбылыстарды қайта саралап, ұлттық әдебиеттің тарихи сабақтастығын қалпына келтіруге күш салды. Бұл орайда, әдебиетші-ұстаз Мұхтар Әуезовтің абайтануға қатысты көркем шығармасындағы кейбір мәселелерге жанаша баға берді.

«Ұлылық ұлағаты» атты мақаласында ғалым «Абай жолы» эпопеясындағы Құнанбай бейнесінің тарихи шындығы мен көркемдік шешімі арасындағы айырмашылықты ба-тыл көтерді. Ғалым кеңестік идеология салдарынан Құнанбай бейнесінің біржақты бағаланғанын атап көрсетіп, тарихи тұлғаны әдеби кейіпкерден ажырата қарау қажеттігін дәлелдеді. Ғалым Құнанбай бейнесінің кеңестік идеология әсерінен біржақты бағаланғанын атап өтеді.

Задан Тасқалиұлының абайтануға қосқан ерекше үлесінің бірі – Абай поэзиясының тілін зерттеуі. Ғалым Абай поэзиясындағы то-сын тіркестер мен тың лексикалық орамдардың табиғатын терең талдады.

Бұл тұста ғалым Мұхтар Әуезов пен Мәулен Балақасев арасындағы көркем тіл жайлы мерзімдік баспа-сөз беттеріндегі ғылыми пікірталасын мысалға келтіріп, көркем әдебиетті бағалауда тек лингвистикалық өлшем жеткіліксіз екенін атап өтеді. Жазушының поэзиялық лексика мен синтаксисті жаңартудағы еркіндігі – әдеби дамудың заңды шарты екенін айқындайды.

Задан Тасқалиұлы Абай тілінің қуаты – ұлттық негізді сақтай отырып, поэтикалық тың тыныс алып келуінде деген тұжырым жасайды. Зерттеуші Абайды «тіл ісері» ретінде бағалап, сөздің дыбыстық, логикалық, психологиялық қырларын сабақтастыра қарастырды. Ғалым: «Демек, Абайдың пайымдауына, айналада болып жатқан әрқили құбылыс, оқиғаның адамды тиісінше әсерге бөлері хак. Оның сыр-сипатын салмақтайтын басты құрал – жүрек. Соның сезінуі, түйсіну салдарынан әрбір тірі пенде не күледі, не жыйлайды дегендей қилы-қилы күй кешеді. Осы байламға бекінген ақын сыртқы сан-сала тітіркендіргіштердің жүректі қалайша тербеп-тебірететінін аса бір білгірлікпен, сезімталдықпен таңбалаған. Абай поэзиясында жүрек ұғымы түрлі образдық тіркестер арқылы кеңінен қолданылған.

Задан Жұмағали Абай Құнанбайұлының осындай сырлы сөз тіркестеріне арнайы тоқталып, оқырман жандүниесін толқытатын тың теңеу, эпитет, метафораларды көп-

теп тудығанына дәлел-дәйек келтіреді. Мысалы: «Соның кейбіреуі мыналар: тәтті тұн, суық ақыл, асау той, тентек жиын, қараңғы көңіл, жапырағы қураған ескі үміт, кәрі ой, адасқан күшік секілді ой, өкінді жол және тағысын тағылар.

Асау той, тентек жиын деген тіркестерден де өзгеше сонылық, қатпар-қатпар суреттер легін аңғарамыз», – деген ой қорытады.

Ұлы ақынның қазақ поэзиясына түбегейлі жаңа түр, жаңа мазмұн алып келуінің түпкі негізін ғалым былайша түйіндейді: «...туған әдебиетін игерумен, шығыс классиктерінің қолына ішкен шығармаларын зерделеумен шектелмей, Гейне, Гете, Байрон, Мицкевич, Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Дюма сынды алыптармен жақын сырласудың үстіне «Метаморфозы», «Дафнис и Хлоя», «Жиль Бизас», «Хромои бес» тағы басқа орта ғасырлық романдармен толық танысуы арқасында жеткен биігі». Бұдан былай онда әдепкі факциялық сарын, ақылғой-си сөйлеу біртіндеп екінші кезекке жылжып, сөзбен сурет салу тәжірибесі ілгері өрлейді. Ақындық темперамент сол күйінде қалғанымен өлеңнің түрі, мазмұны сәулеттеніп, философиялық реңі, тағлым-тынысы кемелдене түседі. Айшықты тіл, толымды ой шығармаларының сыртқы симметриясы мен ішкі гармониясын берік жымдастырып, көңілді жайлауына жайлы жалғасады.

Ұлы ақынның қазақ поэзиясына жаңалық алып келуінің сыры өзге елдің дарын иелерінің шығармаларын зерделей білумен қатар өлеңнің сыртқы пішіні мен ішкі сипатын ақындық түйсікпен терең ұғына білгендігінде деп жазады ғалым:

Задан Тасқалиұлы Абайды на-дандықпен күрескен ағартушы ретінде бағалайды. Ақын шығармаларында «надандық» ұғымының сан мәрте қолданылуын кездейсоқ



құбылыс емес, әдеби-әлеуметтік категория деңгейіне көтерілген ұғым деп түсіндіреді. Ғалым: «Қазақ үшін аса күрделі кезеңде дүние есігін ашқан Абай күнделікті өмірдегі жайсыздық атаулының қайсысын да надандықтың салдары деп білді. Көрінісі мен астары сан тарау әлгі кесепатпен белсе-не күресе келе оны әдеби әмбе-бап категория дәрежесіне көтерді. Шығармаларында надандық деген сөздің мәндес атауларды былай қойғанда жетпістен астам рет қолданып тегін демесек керек. Абайдың Шәкәрім қажы бастаған ізбасарлары заманның талап-тілегіне сай надандықтан туындайтын алауыздық, берекесіздік, керенаулық, дүмбілездікке қарсы қойыла-тын сыйластық, ынтымақтастық, имандылықтарды жаңа мән-мағы-насымен байыта бергендігі. Бұл тенденция өзінң жалғастығын жоғалтқан жоқ. Әдебиеттану ғылы-маларында «надандық» ұғымының сан мәрте қолданылуын кездейсоқ

тылғанымен жеке проблема дең-гейінде қарастырылған емес. Біздің талпынысымыз – сол саладағы із-деністің ең алғашқысы. Абай өмір бойы ақыл-парасатын, күш-жігерін халық алдындағы өзінің перзенттік парызын өтеуге жұмсады. Оның не істеп, не тындырғаны туралы аз айтылған жоқ. Бұл жолы біз ол негіздеген тәлім-тәрбие мектебінен түлеп ұшқандардың кейбіреуінің есімін атаумен шектелміз. Соның өзі-ақ, бірсыпыра жайтты аңғартса керек. Олар: Шәкәрім қажы, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсын, Ш.Бөке-ев, Ғ.Қарашев, М.Сералин, С.Кө-беев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Б.Күләев, С.Торай-ғыров...», – деп ой түйеді. Абайдың гуманистік бағытын жалғастырып шәкірттерінің басым көпшілігі ХХ ғасыр басындағы Алаш қайраткер-лері екенін де атап көрсетеді. Осы арқылы ғалым абайтануды тек әде-би құбылыс емес, ұлттық идеялар эволюциясының арнасы ретінде қарастырады.

Задан Жұмағали Абай дәстүрінің тарихи тамырын хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясымен, XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық сарынмен байланыстырады. Ол Асан қайғыдан бастап, Махамбетке дейінгі күрес рухының Абай поэзиясында жаңа са-паға көтерілгенін дәлелдейді.

Ғалымның пікірінше, Абай дәстүрі – тек поэтикалық мек-теп емес, тұтас рухани-этика-лық бағдар. Ол Абай негіздеген тәлім-тәрбие мектебінен шыққан тұлғаларды атай отырып, ұлттық сананың жаңғыруындағы олардың орнын айқындайды.

Бұл тұрғыда Задан Тасқалиұлы абайтанудағы дәстүр жалғастығын жүйелі түрде қарастырып зерттеушілердің бірі болды.

Ғалым Абайды тек «сыншыл реалист» немесе «ағартушы-демо-крат» шеңберінде ғана бағалаудың жеткіліксіздігін дәлелдеп, оның ұлттық руханияттағы миссиясын кең ауқымда қарастырды. Бұл тәу-елсіздік кезеңіндегі абайтанудың методологиялық жаңаруына ықпал етті.

Задан Тасқалиұлы Жұмағали – абайтану ғылымы жаңа сапалық деңгейге көтеруге үлес қосқан көр-некті ғалым.

Ғалым абайтануды тек тек-тологиялық немесе әдеби талдау деңгейінде емес, ұлттық ой-сана эволюциясының кең аясында қара-стырды. Сондықтан, Задан Таска-лиұлының ғылыми мұрасы – қазақ әдебиеттану ғылымының алтын қорындағы құнды қазына.

Амангелді МАМЫТ,
Жұмабек Тәшенов атындағы
университетінің «Қазақ тілі мен
әдебиеті» кафедрасының
менгерушісі, филология
ғылымдарының кандидаты

ШЫМКЕНТ

Суреттер
ҚарҰЗУ баспасөз қызметінен

• ТАҒЫМ

Жаңаарқаның жампозы

Қасиетті Жаңаарқа жерінен талай танымал тұлға өмірге келіп, алдымен жарқырап көрініп, өмірден кетіп жатыр. Солардың бірі де бірегей кезінде елімізде жастар саясатын жүзеге асыруға бір кісідей атсалысқан, Тәуелсіздіктің елең-алаңында мемлекеттік қызметтің іргетасын қаласын, тіпті, аз уақыт болса да өзіміздің төл газетімізді басқарып, дағдарыстан шығаруға елеулі еңбек еткен Батырхан Жанатұлы Жанатов дер едім.

Батырхан Жанатов – Жаңаарқаның тумасы, 1953 жылы 1 тамызда дүниеге келіпті. Өзінің 2019 жылы жарық көрген «Сағыныш екен сол бір кез» деген шағын естелік кітабында автор бізден бұрын өткен үлкендердің өмірдегі кейбір кездерді ерекше оқиғалармен қабыстыра есте сақтайтынын келтіріп, шешесі: «Сталин өлген жылдың жазы соңында тудың» деп отырғанын жазды. Сонынан «бүгінгі толқын Сталиннің кім екенін, қашан туып-өлегенін қайдан білсін», деп қағытып қояды. (Мақаладағы көптеген деректерді автордың сол кітабынан алып отырғандығымыз еске салайын). Осында «атының өзі мысты басатын, мақтанш тудыратын» Ленин атындағы орта мектепті бітіреді. Балғатай Өтешев, Хасен Сейдімбеков (Ақсеуле Сейдімбековтің ағасы), Әбушахман Смағұлов, Дамыл Сқаков, Ақтоқпа Бәкіров, Зекен Тұрысбекова сынды ұстаздарының алдын көреді.

Арман қуып, Қарағандыдағы кооператив институты деп аталатын, қазіргі экономика университеті сияқты іргелі оқу ордасында оқып, білім алады.

Оқу бітіріп, ауылда мамандығы бойынша қызмет істеп жүргенде мұның қоғамдық жұмыстарға бейім екендігін байқап қалған ел ағалары комсомол жұмысына шақырып, өмірінде өзі қойған тақырып бойынша «Өрлеу» кезені басталады. Қысқа қайырғанда Мәскеу жоғары комсомол мектебінде оқуға жолдама алады. Жезқазған облыстық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, Жаңаарқа аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, содан Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің жауапты ұйымдастырушысы, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарады.

Естеліктерінде комсомол қызметінде болғанда 1984 жылы дүниежүзілік

жастар фестиваліне дайындық аясында Батыс Африканың алты елінде үгіт бригадасының құрамында болғанын, 1986 жылы БЛКЖО ОК делегациясы құрамында Польшаның шаруа жастары съезіне қатысқанын, ал, Мәскеуде оқып жүрген кезде Мәскеу олимпиадасы алдында үгіт поезы құрамында Балтық жағалауы елдерінен бастап, Карпатқа, Амурдарияға, Ленаға дейінгі ел-жұртты көргенін қызықтап баяндайды.

2018 жылдың 20 қазанында Алматыда одақтық комсомол ұйымы құрылуының 100 жылдығы аталып өтті. Оған республикалық Орталық комитеттің белді қызметкері болған Батырхан да шақырылады. Одақтық және республикалық органдардың бұрынғы басшылары қатысады, комсомол сыйлығын алған өнер саңлақтары мен ұжымдары концерт қояды.

Кейбір сайттар мен баспасөз органдары бұл жиын күні өткен комсомолды несіне еске алды деп кекетіп-мұқатып жатты. Осыған жауап ретінде Батырхан естелік кітабында былай жазды: «Мен айтар едім, комсомол ұйымдары өз кезінде ел тарихына елеулі үлес қосқан жастар бірлестігі болды. Оны қазір тізбелеп жатпай-ақ қойып, тарих өз бағасын береді. Бірақ, менің білуімше, Тәуелсіздік алған, комсомол тараған ширек ғасырлық кезеңде бұрынғы КСРО елдерінің бірде-біреуінде сол комсомолға татитын жастар ұйымы құрылып, ел көзіне түскен жоқ. Өткенді көкөсп отыр деменіздер, бірақ, оның жүріп өткен жолынан, іс-тәжірибесінен қазіргі қоғам, ел басқарып отырған шенеуніктер сабақ ала алатын болмайды. Жігерлі жастарды біріктірген, талай өнегелі іске ұйтқы болған, өз алдына дербес, әрі басқарушы партияның қолқаны болған ұйым тарих төрінен өз орнын алуы тиіс».

Батырханның өміріндегі келесі бе-



лес – партиялық жұмыста, мемлекеттік қызметте болуы. 1987 жылы партиялық қызметке ауысып, Жезқазған облыстық партия комитетінің жауапты ұйымдастырушысы, 1989 жылдан Приозерный аудандық партия комитетінің 2-хатшысы болып сайланады. Тәуелсіздік алған сәттен Жезқазғанда мемлекеттік мүлік жөніндегі аймақтық комитет төрағасының 1-орынбасары сияқты мазасыз қызметке тағайындалады.

Содан балаларын оқыту мақсатымен Қарағандыға көшеді. 1996-97 жылдары жоғары органдардың ұсынысымен облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы болып тағайындалады. Бұл елдегі экономикалық қиындықтарға байланысты мекемелерді экономикалық кадрлармен қысқартып жатқан алмағайып кезең болатын. Арнайы журналистік білімі болмаса да көзі ашық, көкірегі ояу азамат облыс басшылығымен, қаржы басқармасымен тіл табысып, редакцияның қаржылық жағдайын жақсартуға күш салды. Газеттің 65 жылдығына байланысты осы жолдар авторы мен журналист Е.Лұқпановтың газет тарихына қатысты материалдарын жариялатып, дүркіретіп өткізбесе де газеттің мерейтойы аталып өтті. Кейін сол материалдарымызды біз

«Аймақ өмірінің айнасы» деген тақырыппен кітапша етіп шығардық.

Газеттегі қызметінен соң Б.Жанатов Қазақстан Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі, бөлім бастығы болып, Астанаға Алматыдан көшіп келген мемлекеттік органдар мен олардың қызметкерлерін орналастыру, тұрмыстық жағдайларын шешу сияқты күрделі мәселелермен айналысты. Зейнетке шығар алдында Қарағандыда бірнеше ірі мекеме, кәсіпорын басшыларының әлеуметтік мәселелер бойынша орынбасары, кеңесшісі болды. Қай жерде қызмет істемесін ол еңбекқорлық, адалдықты, тәртіпті өзінен де, өзгелерден де талап етіп отырды. Әріптестерінің айтуынша ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жүктелген тапсырмаларды тиянақты орындауға маңыз беруді еді.

Батырхан мен қарқаралық ару Райшан екеуі кооператив институтында оқып жүргенде танысып, тамаша, тату-тәтті отбасын құрды. Райшан баяғы «декабристқалардай» Батырхан Мәскеуде оқуда, Атасуда, Жезқазғанда, Алматыда, Приозерныйда, Қарағандыда, Астанада қызметте болғанда қашан да қасында жүретін.

Батырханның асқарқын, ақкөңіл мінезімен адамдарды баурап алатын тамаша қасиеті бар еді. Өмірінің қай кезінде болмасын жолдастары, дос-жарандары көп болды. Олармен қарым-қатынастарын өмір бойы үзбеді. Естелік кітабында туған-туыстары, әріптес аға-інілерімен қатар достарын да аузынан тастамай, қай тарауында болсын еске алып отырған екен. Қазіргі тірі жүрген достары: сыныптасы Қуаныш Құрманшев, кәсіптік білім беру ардагері Қуанышбек Оралбеков, білікті дәрігер Салқын Дәрібеков, ардагер журналист Айқын Несіпбаевтай қимас достарының аттарынан осы естелікті жазып отырған жайымыз бар.

Ауылда жастайынан құлын-тайдай тебісіп, бірге өскен сыныптасы, жан жолдасы, білікті автокөлік инженері, еңбек ардагері Қуаныш Құрманшевтің естелігінен үзінді келтірейік:

– Екеуіміз жасымыздан қатар өстік.

Менің елу жылдық мерейтойымда: Атасу, Жаңаарқада бір өскенбіз, Асыр сап балғын шақта күрескенбіз. Балабақша, мектепке қатар бардық. Қалайша шығарамыз мұны естен біз. Бір қасық болса сонда таласамыз, Бұл күнде біреулердің ағасымыз, Ел-жұртқа береріміз әлі де көп,

Тірлікпен жетеді әлі аласымыз, – деп өзі айтқан тілегіндей, Сарысудың құмлауыт жағасында жалаң аяқ, жалаң бас асыр салып ойнап, балық аулап, доп қуып, балалық балдәурен шақтың қиялымен неше түрлі әлемді шарлайтынбыз.

Батырхан досым қай жақта, қандай қызметте жүрсе де, жан тазалығын, ар тазалығын биік ұстаған, бек азамат еді. Қашан көрсен де, үлкенге ізет, кішіге, жақындарына қамқорлық көрсетіп, ағайын-туыс, дос-жарандармен жиі араласып жүргеніне біз, жұбайым Ару екеуіміз куәміз.

Достыққа адал, қимас жан еді. Өмірлік жары Райшан екеуі үш бала тәрбиелеп, өсіріп, жетілдіріп, олардан немере көріп, шөберелері де өсіп келе жатыр. Жыл сайын туған күнінде Райшан ақ дастарханын жайып, туыс, достармен басымыз қосылып, мәре-сәре болатынбыз, Батырхан өзі гитараман ән салып, өткен балалық, жастық, кемелденген шақтарымызды еске алып, бір жасырып қалушы едік.

Енді міне, жаратқанның күдіреті, Алла Тағаланың бұйрығымен досымның туған күнін, қырқын, жылын дұға оқып, еске алатын болдық. Батырхан маған күнде таңертең қоңырау шалып, «қалайсың?» деп хабарласып тұрушы еді. Мен әлі де таңертең біреу қоңырау шалса, Батырхан екен деп қаламын.

Батырхан өзі жазған өмірбаяндық, естеліктер кітабының айдары: «Сағыныш екен сол бір кез» еді. Енді міне өзіңді де сағынатын болдық, сенің де көз жұмғаныңа бір жылдың жүзі болып қалды.

Досым, жатқан жерің жайлы, топырағын торқа, жаңың жәннатта болсын!

Аман ЖАНҒОЖИН,
«Орталық Қазақстанның» ардагер журналисі, бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы

Инновациядағы көшбасшылық

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті қазіргі заманғы зерттеу экожүйесін қалыптастырып және ғылымды экономиканың нақты секторына белсенді түрде кіріктіре отырып, Қазақстанның жетекші техникалық жоғары оқу орындарының бірінің ұстанымын сенімді түрде нығайтуда. Университет еліміздің негізгі технологиялық және индустриялық мәселелерін шешуге бағытталған зерттеу университетіне айналуды стратегиясын дамып отыр.



ғылыми бағыттарды дамытуға ерекше назар аударылады. Осылайша, тау-кен ісі саласында шахта метанын техногендік жиыптықтан алуға, содан кейін оны тиімді пайдалануға бағытталған өзекті жоба іске асырылуда. Бұл жоба көмір кен орындарын игеру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті арттыруға және экологиялық қатерлерді төмендетуге ықпал етеді, ұлттық экономиканың көміртектіксіздендіру міндеттеріне сәйкес келеді.

Көлік саласында ультратыбыстық және лазерлік технологияны пайдалана отырып, пайдаланылған газдарды тазартудың инновациялық әдісін зерттеу жүргізілуде. Энергетика саласында электрхимиялық коррозия салдарынан қосалқы станциялардың электр желілік конструкциялары элементтерінің бұзылуын бақылау және болжау әдістемесін зерттеу бойынша жоба іске асырылуда.

Агроөнеркәсіптік сектор «Индустрия 5.0» тұжырымдамасы шеңберінде жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, АӨК нысандарын басқарудың инновациялық жүйесін құру жөніндегі жобаман ұсынылған. Әзірлеме ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруға, тәуекелдерді азайтуға және климаттық жағдайларға бейімделуге бағытталуда. Бұл – әсіресе Қазақстан үшін өзекті.

Өнеркәсіпті цифрландыру бағыты ерекше орын алады. Машина жасау жобасы аясында Big Data және жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, өндірістік процестердің цифрлық модельдері әзірленуде. Сандық қос тармақтарды

құру технологиялық параметрлерді оңтайландыруға, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және оның сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Құрылыс саласының дамуына ғылыми-зерттеу, сараптамалық және жобалау-іздістелуші қазақстандық компанияларын қайта құру және даму институты (ҚазКҚДИ) елеулі үлес қосады. Оның мамандары халықаралық стандарттармен Еуроқолдартармен үйлестірілген ондаған қолданыстағы республикалық нормативтік құжаттарды әзірледі және елорданың Бәйтерек, Тәуелсіздік сарайы, «GazExpoCongress», «Астана арена» стадионы және т.б. сияқты көрнекті құрылыстарын қоса алғанда, бүкіл ел бойынша 1500-ден астам нысанға ғылыми-техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етті.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде 2026 жылы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының қолдауымен Қарағанды облысы әкімдігімен бірлесіп жүзеге асырылатын бірегей QarTech жобасы іске қосылды. Жоба қазіргі уақытта жалғасуда және өңір өнеркәсібінің қолданбалы мәселелерін шешуге бағытталған. Негізгі міндет – QarTech-ті инженерлік әзірлемелер, сынақтар және пилоттық шешімдер үшін жұмыс алаңына айналдыру. Негізгі жоспарлардың қатарында зертханалық-өнеркәсіптік кешен құрылысын бастау бар. Ол қолданбалы зерттеулерді орындау, технологияларды псықтау және индустриялық серіктестермен біршама қолданбалы форматта өзара іс-қимыл жасау үшін негіз болуға тиіс.



Сонымен қатар, QarTech құрылымында бірнеше бейіндік бағыттарды құру жоспарланған. Солардың бірі – алюминий технологиясы орталығы. Бұл өнеркәсіпте сұранысқа ие материалдарды, қорытпаларды және технологиялық процестерді өңдеу саласындағы шешімдерді әзірлеу және бейімдеу үшін қажет. Екінші бағыт – техникалық шешімдер мен жобалау құжаттамасынан бастап енгізу үшін шешімдер дайындауға дейін кәсіпорын міндеттерін инженерлік псықтаумен айналысатын конструкторлық бюро.

Дамудың тағы бір блогы – аддитивті технологиялар мен прототиптер орталығы. Оның міндеті – инженерлік идеядан тәжірибелік үлгіге дейінгі жолды жеделдету. Кәсіпорындар үшін бұл жаңа шешімдерді жылдам тексеру, прототиптер жасау, жеке элементтерді ұзақ келісу және сыртқы аудиторингсіз сынау мүмкіндігін білдіреді.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде цифрлық бағытқа ерекше назар аударылып отыр. QarTech шеңберінде индустриялық әріптестермен бірлесіп «Индустрия 4.0 және ақылды қала технологиясы» цифрлық трансформация зертханасы мен құзыреттілік орталығын құру жоспарлануда. Бұл бағыт автоматтандыруға, өндіріске арналған цифрлық шешімдерге, интеллектуалды басқару элементтеріне, өнеркәсіптік және қалалық ортаға заманауи цифрландыру құралдарын енгізуге байланысты.

Бұл ретте QarTech 2027 жылы университеттің ішкі алаңы ретінде емес, университет пен кәсіпорындардың бірлескен жұмысының инфрақұрылымы ретінде қарастырылады.

А.Д.МЕХТІЕВ,
Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма мүшесі – Ғылым және инновация жөніндегі проректор

Сурет Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ баспасөз қызметінен

• БАЙҚАУ

Қалам ұшындағы қаржылық сауаттылық

Жалған ақша – ел экономикасына төнген жасырын қауіп. Мұндай заңсыз әрекеттер қаржы айналымын бұзып, халықтың ұлттық валютаға деген сенімін әлсіретеді. Нәтижесінде бағаның өсуі мен экономикалық тұрақсыздық орын алуы мүмкін.

Мамандардың пікірінше, жалған ақша жасау мен тарату тек заң бұзушылық қана емес, ол – қоғамға үлкен зиян келтіретін әрекет. Бұл адал еңбектің құнын түсіріп, кәсіпкерлік пен сауда саласына кері әсер етеді.

Әр азамат мұндай қауіптің алдын алуға үлес қосуды керек. Күмәнді ақша анықталған жағдайда бірден құзырлы органдарға хабар беру – ортақ қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды қадамы. Осы орайда, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Қ.Қалыбекова және профессор-оқытушылар құрамының ұйымдастыруымен 2026 жылдың 27 наурызында «Жалған ақша жасау болашаққа қауіп төндірді» тақырыбында аймақтық онлайн эссе байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты – студенттердің қаржылық сауаттылығын арттыру, жалған ақша жасаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік салдары туралы саналы көзқарасын қалыптастыру.

Байқауға жоғары оқу орындарының студенттері ерікті негізде қатысып, жүдделі орындарға ие болды. Қатысушылар жалған ақша жасаудың қоғамға тигізетін зиянын жан-жақты талдап, оның ел экономикасына, халықтың әл-ауқатына және болашақта мемлекет дамуына кері әсерін нақты мысалдармен көрсетті.

Байқау нәтижесі бойынша: I дәрежелі дипломмен Б.Бей-

сенов атындағы Қарағанды академиясының студенті Аида Лесбек марапатталды.

II дәрежелі дипломмен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің студенті Дина Ко-фен және Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының студенті Ермұқан Жауынбек марапатталды.

III дәрежелі дипломмен Қарағанды медицина университетінің студенті Аян Есжанов және Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті Алмаз Зейнел марапатталды.

Эссе байқауына өз жұмыстарын ұсынып, белсенді қатысқан студенттер арнайы Алғыс хаттармен марапатталды. Атап айтсақ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің студенті Елнұр Сердалы, Зияда Есіркегенова және Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының студенті Аружан Қозықашова.

Бұл байқау білім алушылардың қоғамдағы өз рөлін түсініп, ел болашағына бейжай қарамайтын көрсетті. Қаржылық тәртіп пен заңдылықты сақтау – барша мыңздың ортақ міндетіміз екені тағы бір мәрте дәлелденді.

Л.КУЛЕЙМЕНОВ,
М.ОСПАНГАЛИЕВА,
А.КЕНЖЕБЕКОВА,
Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің оқытушылары

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

• ХОККЕЙ

Чемпиондық биыл да бұйырмады

Биыл да карагандылық «Сарыарқа» хоккей клубы ел чемпионатының кубогына қол жеткізе алмады. Өткен маусымда команда қола жүлдемен шектелсе, биыл финалға дейін жетіп, шешуші кезеңде елордалық «Nomad Astana» клубына есе жіберді. Қос команда арасындағы финалдық серияның шешуші, яғни, бесінші кездесуін Астанада өткізді. Тартысты өткен ойында жерлестер 2:3 есебімен жеңіліп, чемпиондық атақтан қағылды. Десе де, қорғаушы Эдуард Михайлов маусымның – «Үздік қорғаушысы», Артем Лихотников – «Үздік шабуылшысы», Александр Борисевич маусымның «Ең құнды ойыншысы» атанды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Естеріңізге сала кетейік, финалдық серия аясында қос команда бұған дейін төрт кездесу өткізген. Оның үшеуінде елордалық ұжым басым түсті. Сондықтан, сырт алаңда өткен шешуші, яғни, бесінші матч «Сарыарқа» үшін аса маңызды еді. Егер карагандылықтар бұл ойында жеңіске жетсе, чемпион тағдырын анықтау үшін серия тағы екі матчқа жалғасады. Алайда, елордалықтар «Сарыарқаға» ондай мүмкіндік берген жоқ.

Сырт алаңда өткен кездесуде жерлестер белсенді ойын көрсетті. Матчтың небәрі 2-ші минутында алаң иелері есеп ашқанымен, «Сарыарқа» араға бес минут салып, таразы басын теңестірді. Оң қапталмен өрбіген шабуылда Данила Карабан шайбаны алға сүйреп, қақпа маңына таяған сәтте әріптесі Радель Фаздеевке дәл пас асырады. Өз кезегінде Радель алдына келген шайбаны жойқын соққымен қақпаға тоғытып, қақпашыға еш мүмкіндік қалдырмады.

Бұдан кейін таблодағы есеп те екінші кезеңде өзгерді. Бұл жолы да алаң иелері бірінші болып алға шыққан. Ойынның 31-ші минутында қарсылас сапынан Диас Гусейнов «Сарыарқа» қақпашысы Роман Кал-

мыковты қапы қалдырып, өз командасын алға шығарды. Осыдан кейін кезең соңына дейін есеп өзгеріссіз қалды. Жерлестер болса, өздеріне туған мүмкіндіктерді толық пайдалана алмады.

Ойынның 43-ші минутында «Сарыарқа» кезекті шабуыл ұйымдастырды. Қорғаушы Дамир Бритников оң қапталмен алға ұмтылып, алаң ортасындағы әріптесі Батырлан Мұратовқа дәл пас береді. Батырлан болса, ұрымтал сәтті ұтымды пайдаланып, алыстан соққы бағыттайды. Қақпашы бұл соққыны қайтарғанымен, шайба кері серпіліп, Бейбарыс Оразовтың алдына түскен болатын. Мүмкіндікті мүлтік жібермеген қорғаушы қақпадан саңылау тауып, есепті қайта теңестірді. Осылайша таблодағы көрсеткіш 2:2-ге жетті.

Негізгі уақыт тең есеппен аяқталған соң ойын қосымша овертаймға ұласты. Өкінішке қарай, шешуші сәтте алаң иелері басымдық танытып, овертаймның соңғы минуттарында жеңіс шайбасын соқты. Осылайша қарсыластар биылғы маусымда жеңіске жетіп, осымен үшінші мәрте ел чемпиондары атанды. Ал, карагандылық «Сарыарқа» клубы маусымды күміс жүлдемен аяқтады.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ФУТБОЛ

Жеңіс уыстан шығып кетті

Карагандылық «Шахтер» футбол клубы биылғы маусымда өз алаңында бірінші ойынның өткізді. Жерлестер бұл жолы Қазақстан кубогының 1/16 кезеңінде қоқшетаулық «Оқжетпес» клубын қабылдап, 2:3 есебімен жеңіліп қалды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл күні ауа райы күрт құбылып, аспанды қалың бұлт торлады. Толассыз жауған жаңбыр күннің көзін көрсетпеді. Соған қарамастан, «Шахтердің» қолауға келген жанкүйерлердің қарасы қалың. Бұл жолы негізгі стадионда жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының толық аяқталмауына байланысты матч қосымша жаттығу алаңында өтті.

«Оқжетпес» – Премьер-Лиганда өнер көрсететін тәжірибелі клубтардың бірі. «Шахтермен» салыстырғанда, құрам сапасы мен ойыншылардың деңгейі тұрғысынан да басым. Қазіргі таңда команда Премьер-Лиганда төрт матч өткізіп, сегіз ұпаймен турнир кестесінің IV сатысында.

Ойын басталысымен алаң иелері тізгінді өз қолына алды. Қарсыластардың ұйымдастырған шабуылдарының бетін қайтарып, қақпа маңына жуытпады. Керісінше, алаң иелері шабуылға ден қойып, қарсылас қорғанысының осал тұсын табуға тырысты. Нәтижесінде, жерлестер ойынның небәрі 9-минутында есеп ашты. Жартылай қорға-



ушы Ален Айманов қарсыластың екі қорғаушысын қапы қалдырып, допты алаң ортасына ұмтылған әріптесі Артем Литовка дәл жеткізді. Мүмкіндікті мүлтік жібермеген шабуылшы Артем қақпаға дөп соққы бағыттап, есеп ашқан болатын.

Бұдан кейін де жерлестердің қарқыны бәсеңдемеді. Керісінше, есепті еселеуге әрекет жасады. Нәтижесінде, бірінші таймның аяқталуына санаулы минуттар қалғанда алаң иелері есепті еселеп кетті. Бұл жолғы шабуыл да алаң ортасынан бастау алды.

• БОКС

Құрлық чемпионатынан – қос алтын

Монғолияның астанасы Уланбатыр қаласында өткен ересектер арасындағы Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Бұл додада Қазақстан ұлттық құрамасы барлық салмақ дәрежелері бойынша сынға түсіп, ерлер құрамасы ел қоржынына төрт алтын, бір күміс және үш қола медаль салды. Ал, әйелдер құрамасы екі алтын, бір күміс және екі қола жүлдені жеңіп алды. Солардың қатарында, ел қоржынына қос алтын салған карагандылықтар Сабыржан Аққалықов пен Дина Исламбекова да бар.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, жерлесіміз Сабыржан Аққалықов 2021 жылғы жастар арасындағы әлем чемпионы, 2025 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері. Әрі екі дүркін Азия чемпионы. Шеберлігімен, техникасымен талайды таңғалдырған карагандылық боксшы бұл жолы да мықтылығын дәлелдеді. Бұл жолы 75 келі салмақта ақтық сында өзбекстандық боксшы Жавахир Абдурахимовпен қолғап түйістірді. Жекпе-жек басталған сәттен-ақ Сабыржанның техникалық дайындығы мен рингтегі сенімділігі айқын көрінді. Ол қарсыласына мүмкіндік бермей, барлық раундта басымдық танытып, нәтижесінде 5:0 есебімен айқын жеңіске жетті.

Бұған дейін жерлесіміз жапон және моңғол боксшыларымен қолғап түйістірген. Әсіресе Жапония спортшысымен өткен алғашқы жекпе-жегі оңайға соқпады. Ал, жартылай финалда алаң иесі моңғол боксшысымен кездесіп, оны айқын басымдықпен жеңді. Осылайша, жерлесіміз ақтық кезеңге жолдама алды.

Әр турнирдің алғашқы күні маған қиынға соғады. Бұл жолы да алғашқы жекпе-жекте аздап қиналдым. Жергілікті ауа райы мен ортаға бейімделу үшін біраз уақыт қажет болды. Алайда, екінші кездесуімнен бастап өз баымды таба бастадым. Нәтижесінде финалға дейін жеттім. Ал, шешуші белдесу айтарлықтай қиын болған жоқ. Жаттықтырушыларым нақты тапсырма берді. Мен сол жоспарды бұлжытпай орындадым. Соның арқасында қарсы-



ласымды жеңіп, жеңіске қол жеткіздім, – деді чемпион.

Дина Исламбекова бұл чемпионатта аса ауыр салмақ дәрежесінде (+80 кг) өнер көрсетті. Айта кетейік, жерлесіміз – бұған дейін жастар арасындағы әлем чемпионатында және ересектер арасындағы ел біріншілігінде жүлдегер атанған тәжірибелі спортшы. Бұл жолы да ол жоғары деңгейде өнер көрсетіп, ақтық кезеңге дейін жетті. Жарыстың алғашқы күнінде Дина өзбекстандық Олтиной Сотимбоеваға қарсы шаршы алаңға шыққан болатын. Бұл қарсыласымен бұрын да кездесіп, есе жіберген. Бойы ұзын, тактикалық тұрғыдан сауатты қарсыласымен өткен жекпе-жекте отандасымыз төрешілердің шешімімен басым түсіп, финалға жолдама алды.

Финалдық кездесуде Дина Исламбекова Үндістан өкілі Алфия Пазанға қарсы шаршы алаңға шықты. Жекпе-жек басталысымен-ақ карагандылық боксшы өзінің басымдығын айқын аңғартты. Алғашқы

раундта дәл әрі жойқын соққыларымен қарсыласын ноқдауға жіберіп, елеулі қарқынға ие болды. Кейінгі раундтарда да рингтегі үстемдігін жоғалтпай, кездесуді толық бақылауда ұстады. Техникалық шеберлігі мен тактикалық сауаттылығының арқасында ол қарсыласына мүмкіндік бермеді. Нәтижесінде төрешілер бірауыздан 5:0 есебімен жеңісті жерлесімізге берді. Осылайша, жерлесіміз ұлттық құрама қоржынына кезекті алтын жүлдені салды.

Жалпыкомандалық есепте ұлттық құрама спортшылары алты алтын, екі күміс және бес қола жүлдемен көш басына шықты. Одан кейінгі сатыға бес алтын, үш күміс және сегіз қола жүлдемен Үндістан спортшылары табан тіреді. Ал, Өзбекстан құрамасы үш алтын, төрт күміс және төрт қоламен үздік үштікті түйінделді.

Сурет Қазақстан бокс федерациясының баспасөз қызметінен

көрсете алмады. Ал, қарсыластар алғашқы таймда жіберген қателіктерінен сабақ алып, қорғаныста анағұрлым жинақы әрі сенімді әрекет етті. Жерлестердің бар күш-қуаты алғашқы таймда сарқылғандай. Шабуылдан нәтиже шықпаған соң бас бапкер Андрей Финонченко тактикалық өзгеріске барып, ойыншыларға қорғанысқа басымдық беруді тапсырды. Нәтижесінде алаң иелері шепті бекітіп, қарымта шабуылдарға иек артуға көшті.

Алайда, тәжірибелі қарсыластар мұнымен тоқтап қалмады. Олар алаң иелерін қыспаққа алып, шабуылдан үдете түсті. Соның нәтижесінде 52-ші және 71-ші минутта қос гол салып, есепті теңестіріп кетті. Осыдан кейін екі команда да ойынға тың серпін беру мақсатында ауысым жасаған. «Шахтер» сапында жақында ғана негізгі құрамға қосылған жас ойыншылар алаңға шықса, «Оқжетпес» тәжірибелі футболшыларға сенім артты. Соған қарамастан, алаң иелері қарымта шабуыл ұйымдастырудан бас тартқан жоқ. Кездесудің 74-ші минутында қарсылас қорғаушылары айып алаңына енген Аруп Сайтовқа қарсы ереже бұзып, бас төреші пенальти белгіледі. Ал, бұл есепте қайта алға шығуға берілген тамаша мүмкіндік-тің. Алайда, айып соққысын орындауға шыққан Арман Нүсіптің соққысы нәтижесіз аяқталды. Ол допты қақпаның оң жақ төменгі бұрышына бағыттағанымен, қарсылас қақпашы допты қайтарып тастады. Осылайша, алаң иелері есепте алға шыға-

тын тамаша мүмкіндікті мүлтік жіберіп алды. Кездесудің 85-ші минутында қарсылас команда үшінші голды соғып, матч тағдырын өз пайдасына шешті. Осылайша, «Шахтер» Қазақстан кубогындағы жорығын осы кезеңде аяқтады. Ал, «Оқжетпес» жарыстың келесі, 1/8 финалында елордалық «Жеңіс» клубымен кездесетін болады.

– Команда екі таймда екі түрлі ойын көрсетті. Тәжірибе, құрам, тіпті, есептен де жеңілдік. Қарсыластардың тәжірибелі ойыншыларымен біздің жаңадан жасакталған жас құрамды мүлдем салыстыруға келмейді. Ойынды өздеріңіз де көрдіңіздер. Бірінші айналымда тәжірибелі ойыншыларымызды ойнаттық. Ал, екінші айналымда тәжірибе жинау мақсатында жастарымызды шығардық. Негізі, біздің команда әу баста психологиялық тұрғыда жеңілді деуге болады. Себебі, Премьер-Лига сапында өнер көрсететін «Оқжетпесті» бірінші айналымда 2:0 есебімен жеңгенімізге сенбей қалдық. Соның салдарынан екінші айналымда босанғанымыз бар. Тіпті, пенальтиді де сала алмадық. Алдағы уақытта ойыншылардың қателіктерімен жұмыс жасаймыз, – деді бас бапкер Андрей Финонченко.

Айта кетейік, енді «Шахтер» 17 сәуірде Бірінші-Лига ойындарының аясында өз алаңында Екібастұздың «Батыр» футбол клубын қабылдайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қараганды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ
Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР000030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қараганды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСЗБЖКЗХ БИН 000840001412

Тарапалы 4 068

№38 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН